# AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

БЕЙСЕНБІ №128 (4813)
12.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ




# ӨҢІРЛІК ҚАУІПСІЗДІК – ОРТАҚ МҮДДЕ

Мәскеуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Таалатбек Масадыков қатысты.

Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ аясындағы ықпалдастықтың негізгі аспектілерін қарастырып, Ұйымның 2026 жылы атқарған қызметінің нәтижесіне баға берді әрі алдағы кезеңге арналған жұмыстың басты бағыттарын айқындады.

Сондай-ақ президенттер халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдіріп, Ресей тарапының биыл ҰҚШҰ-ға өте нәтижелі төрағалық еткенін атап өтті.

Президент халықаралық терроризммен күрес, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы іскимыл, сондай-ақ жасанды интеллект технологиясының ықпалы ұлғайып келе жатқанын ескере отырып, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту бағыттары бойынша күш-жігер жұмылдыру қажет екеніне назар аударды.

Қазақстан Президенті сөз соңында ҰҚШҰ-ға төрағалық ететін Тәжікстанның көшбасшысы Эмомали Рахмонды құттықтап, осы жауапты миссияны атқаруда сәттілік тіледі.

Жиын қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясы қабылданды. Сонымен қатар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ортақ мүддесіне сай ұжымдық қауіпсіздікті одан әрі нығайтуды көздейтін бірқатар құжатқа қол қойылды.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөз сөйледі.



– Қадірлі қауым! Құрметті достар! Баршаңызбен бірге Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында бас қосып отырғанымызға ризамын. Бүгінгі жиынның мән-мағынасы ерекше. Себебі Ана тілі мәселесі, бұл – мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып. Қазіргі таңда дүниежүзінде тіл өзекті, нәзік мәселеге айналып кетті. Бұл үрдіске бәріміз куә болып отырмыз. Ең алдымен, осы жерде сөз сөйлеп, мазмұнды ойларын ортаға салған азаматтарға алғысымды білдіремін. Салмақты пікірлер, ұтымды ұсыныстар айтылды. Соның бәрін мұқият қарап, алдағы жұмысымызда міндетті түрде ескеру қажет.

«Қазақ тілі» қоғамы – мемлекеттік тілдің мызғымас тұғырын нығайтып жүрген аса маңызды құрылым. Сонау 1989 жылы іргесі қаланған ұйымның Егемен ел тарихындағы орны бөлек. Кезінде көрнекті ғалымдар – академиктер Әбдуәли Қайдар және Өмірзақ Айтбайұлының бастамасымен құрылған «Қазақ тілі» қоғамының тарихи жолын қазіргі буын өкілдері мен белгілі тіл мамандары лайықты жалғастырып келе жатыр. Бүгінде ұйым мүшелері көптеген тиімді іс-шараларды, жасампаз жобаларды табысты жүзеге асыруда. Мен Мемлекет басшысы ретінде «Қазақ тілі» қоғамының әр мүшесіне шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осы тұста заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Тіл мерейі – ел мерейі» деген қысқа-нұсқа, мағынасы терең сөзі барын еске салды.

– Тіл – баршамызға ортақ құндылық. Тіл – Алланың құдіретінің арқасында адамдарға берілген үлкен сый әрі мүмкіндік. Тіл – адамзаттың негізгі жетістігі. Адам баласының ойдағыдай дамуының ең басты себебі де – тіл. Біз өркениетті ел ретінде ана тіліміз – қазақ тілінің абырой-беделін арттыру үшін бір ел болып табанды жұмыс істеуіміз керек. Бүгінгі жиынның басты мақсат-міндеті де – осы.

«Қазақ тілі» қоғамының бұл құрылтайы шын мәнінде тарихи сәтте, яғни, қасиетті Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығының қарсаңында өтіп жатыр. Қазақстан Егемендік жолының осындай айтулы межесіне беделі биік, болашағы жарқын ел ретінде қадам басып отыр. Тәуелсіздік туын көтергелі бері халқымыз көптеген белесті абыроймен еңсерді. Біртұтас ұлт болып, мемлекеттігіміздің іргетасын қалады және оны нығайта түсті. Берекелі бірлігіміздің арқасында біз соңғы жеті жыл ішінде ауқымды реформаларды табысты іске асырдық. Ел өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер жасап, тың бастамалар көтердік. Ең бастысы, халқымыздың темірқазығына айналған қастерлі құжат – Конституциямызды қабылдадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Президент мазмұны айрықша Конституция Әділетті Қазақстанды құру ісіне заң тұрғысынан жол ашқанын жеткізді.

– Енді Конституцияға сәйкес еліміздің Тәуелсіздігін, Егемендігін, кең- байтақ жеріміздің тұтастығын, азаматтарымыздың заңды құқықтарын және бостандықтарын қорғау мемлекетіміздің басты, тіпті, қастерлі міндеті саналатын болды деп айтсақ, қате болмас. Баршамызға Тәуелсіздік – бәрінен қымбат асыл дүние. Тәуелсіздік болмаса, біздің халқымыздың келешегі тығырыққа тіреледі анық. Сондықтан Тәуелсіздікті қорғау әрі нығайту – ең қасиетті борыш, ең қастерлі парыз! Бірақ ашығын айтуымыз керек, Егемендігімізді қорғауға қатысты мәселенің бәрі толығымен шешімін тапты десек, үстірт пікірге тең болар. Алдымызда ауқымды және кезек күттірмейтін, маңызды әрі күрделі міндеттер тұр. Халықаралық ахуалды көріп-біліп отырсыздар. Әлемде саяси, экономикалық, идеологиялық шиеленістер ушығып тұр. Осындай алмағайып кезеңде әлемнің болашағын болжау өте қиын екені түсінікті. Мұндай заманға біздің бір ғана жауабымыз бар. Бұл – бірлігімізді бекемдеп, ортақ мүддеге күш жұмылдырып, ұлттық жауапкершілігімізді терең сезіне отырып, қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасына адал қызмет ету.

Түптеп келгенде, Егемендікті нығайту – халықтың әл-ауқатын арттыру, жаңа технологияларды жетік меңгеру, заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, өзара жанашыр, еңбекқор, жасампаз болу, табиғатты аялау деген сөз. Біз осы міндеттерді табысты орындасақ, жаһан өркениетінің төрінен лайықты орын аламыз. Сондықтан Конституцияда қазіргі заман талабына сай білім мен ғылымды, инновацияны, адам капиталын дамыту мемлекеттің стратегиялық міндеті ретінде бекітілді, – деді Мемлекет басшысы.

*(Жалғасы 2-бетте)*

## ӘУЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КӨКЖИЕК



Мемлекет басшысы жаңа кезеңде ел өңірлерінің басты «әуе қақпаларын» дамыту міндетін де қойды. Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте, қатар салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катон-қарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылмақ. Президент келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастауды тапсырды.

→ 6

# ЗАЙСАНДА ЖОЛ ЖАҢАРЫП, ҚОНЫС КЕҢЕЙДІ



Жаңа халықаралық әуежайдың ықтимал бағыттары қатарында Қытайдың Үрімші, Алтай және Қанас қалалары да бар. Әуе қатынасы жолға қойылса, ауданға келу жеңілдеп, туризмді дамытуға, кәсіпкерлікті кеңейтуге және инвестиция тартуға мүмкіндік туады.

→ 7

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,**
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті:

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЕГІЗІ




Елордада Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайы өтті. Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі – мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып» екенін атап өтті. Сондай-ақ жиында ұйымның соңғы жылдары атқарған қызметі де сөз болды. Осы орайда белгілі ғалым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Шерубай Құрманбайұлына бірер сауал қойған едік.

→ 5

АҚОРДА

12 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ




*(Басы 1-бетте)*

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлтымыздың Бас құжатында, яғни Конституциямызда еліміздің тамыры терең тарихы мен бітім-болмысы, болашақтағы бейнесі айқындалғанын айтты.

– Атап айтқанда, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің конституциялық мәртебесі тайға таңба басқандай жазылды. Конституция мәтінін жазуға өзім де тікелей атсалыстым. Әр сөзіне мұқият қарап, әр бабына ерекше назар аудардым. Мен үшін бұл – ең алдымен азаматтық парыз.

Мәселен, Конституцияда біз халқымыз үшін қиелі «Тәуелсіздік» және «Егемендік» сөздерін бас әріппен жазатын болдық. Мұның терең мәні бар. Біз осылайша әрбір ұғым-түсінікке үлкен жауапкершілікпен қарап, тұтас қоғам санасына, әсіресе өскелең ұрпақтың бойына елдік қасиеттерді сіңіреміз. Жалпы, Конституция халқымыздың дүниетанымына және озық заңнама талаптарына сай жазылды. Қазақстанның Конституциясы кәсіби тұрғыдан өте сапалы дайындалған құжат деп күмәнсіз айтуға болады. Осы ауқымды жұмысқа білікті заңгерлермен қатар, филология саласының тәжірибелі ғалымдары мен қазақ тілі мамандары да белсене қатысты. Мұның бәрі қазіргі қазақ тілінің әлеуеті мен күш-қуатының айқын көрінісі екені сөзсіз, – деді Президент.

## ҰЛТТЫҢ МӘҢГІЛІК ЖАНЫ

Мемлекет басшысының сөзінше, қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет. Басқа көзқарастың болуы мүмкін емес.

– Сондықтан қазақ тіліне сыйластықпен қарау, бұл – азаматтық, адами борыш. Ал парыз қаншама қастерлі болса да, оның мықты негізі болуы керек. Біз экономикасы дамыған, инновациясы мен технологиясы үздік, әлем жұртшылығы мойындаған, өркениетті, мықты мемлекет болсақ, қазақ тілі де қуатты тіл болатыны анық. Мемлекеттің беделі артқан сайын мемлекеттік тілдің де абыройы күшейеді. Бұл – ақиқат. Бүгінде балабақша мен мектептерде балалардың басым бөлігі қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып жатыр. Биыл мектепке барған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданды. Колледждер мен университеттерде қазақ бөлімдерінің саны көбейді.

Қазақ тілі барлық салада, соның ішінде креативті индустрия саласында кең қолданыс табуда. Ана тілімізде жарық көрген кітаптардың, әндердің, фильмдердің нарықтағы үлесі ұлғая түсті. Мысалы, былтыр баспадан шыққан 6 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылды. Ал биыл Қазақстанда түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде жарыққа шықты. Айтылған деректердің бәрі жұртымыздың арасында қазақ тіліне үлкен сұраныс тудырды. Бұл – өте қуанышты жайт, жақсы үрдіс. Осындай жұмысты күшейте беруіміз керек, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, төл тіліміз ұлтты ұйыстыратын, өркениетіміздің өрісін кеңейтетін «жұмсақ күшке» айналуда. Мысалы, әлемге әйгілі тарихи тұлға Бейбарыс сұлтанның, ұлы ойшыл Абайдың, аса көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың ұлт өркениетіндегі орны мен еңбегі бірегей.

– Ал бүгінде жаһан жұртының сүйікті әншісіне айналған Димаш Құдайберген, әйгілі Канн фестивалінде үздік актриса деп танылған Самал Еслямова, белгілі шахматшы, әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Бибісара Асаубаева, бүкіл жапон халқына, соның ішінде императорға да өте танымал, кәсіби сумода жүрген жалғыз қазақ балуаны, жеңімпаз Ерсін Балтағұл (Кимбозан Харуки) және Higgsfield AI жаһандық стартап жетекшісі Ерзат Дулатов сияқты нағыз дарын иелері қазақтың мәдениетін, руханиятын, зияткерлік қуатын жан-жақты дәріптеп жүр.

Халқымыз «Елдестірмек – елшіден» деп бекер айтпаған. Бұл азаматтарды еліміздің нағыз отаншыл перзенттері әрі рухани елшілері десек, артық болмас. Қазір Қазақстан көптеген шетел адамдары құрметпен қарайтын, ықпалды мемлекетке айналды. Сондықтан біз қазақ тілінің болашағына қатысты теріс көзқарастан аулақ болуымыз керек. Тіліміздің тағдыры күмәнді, белгісіз деп зарлай берсек, өзге елдер мен халықтар бізге қалай қарайды, қалай сенеді?! Үнемі түңіле беру оң нәтиже әкелмейді, мұндай әңгімені доғаратын кез келгеніне көзіміз әбден жетті, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ елі барда қазақ тілі тұғырдан түспейтінін ерекше атап өтті.

– Өткен замандарда саяси қысым болған кезде ана тіліміз әдебиетшілер мен тіл мамандарының, журналистеріміздің, зиялы қауым мен қарапайым азаматтардың арқасында аман қалды да, өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Бұл – тіпті қазақ тілінің өміршеңдігі бірегей деген сөз. Ал қазіргі таңда тіліміздің келешегіне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп анық айтуға болады. Бүгінде қазақ тілі озық технологиялар саласына кең ауқымда еніп, заман талабына сай дамып келе жатыр.

Елімізде сан алуан цифрлық платформалар табысты жұмыс істеп тұр. Оның бәрі қазақ тілінде қызмет көрсететін болды. Ана тіліміздің әлеуетін әлемнің озық технологиялық компаниялары да мойындай бастады. Мәселен, Open.AI компаниясы жүргізген зерттеуге сәйкес қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдердің қатарына кірген. Ал Yandex компаниясы өзінің бір белгілі өнімін былтырдан бері қазақ тілінде қолданатын адамдардың саны 30 пайызға артқанын мәлімдеп отыр. Сондай-ақ өткен жылы Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізді. Мұның бәрі – қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін жүргізілген жүйелі жұмыстың бір нәтижесі. «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген. Сондықтан біз осы бағытта басталған өте қажетті әрі маңызды жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беруіміз керек, – деді Президент.

## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРМЕН ҮНДЕСТІК

Мемлекет басшысы ең біріншіден алдымызда қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау міндеті тұрғанын айтты.

– Жалпы, біз қазақ тілінің сөздік қоры өте бай деп жиі айтамыз. Мұның шындық екені де күмәнсіз. Әдеби-мәдени мұрамыз да ұшан-теңіз. Алайда сол дүниенің көбі кезінде цифрлық жүйелерге толық әрі сапалы көшірілді деп айту қиын. Сол себепті мұрағатта немесе кітапханаларда ғана сақталған қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив) және мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет. Халқымыздың өшпес мұрасы мен рухани байлығы қағаз бетінде емес, цифрлық кеңістікте сақталуға тиіс. Келешек ұрпақ осы игі істің жақсылығын көреді.

Бұған қоса, инженерия, медицина, құқық, экономика сияқты түрлі ғылымды және ақпараттық технологияларды қазақ тілінде үйренуге барынша қолайлы жағдай жасалуы керек. Бұл тұста, ең алдымен, сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға баса мән берген жөн. Өкінішке қарай, бұл мәселе бойынша көп қателік жасалды, олқылықтар да аз емес. Әрине, бұл – қазақ ғылымының, яғни ғалымдардың әлеуеті мықты болуы қажет деген сөз. Ғылым дамыса, қазақ тілі де ғылым мен өндірістің тілі болмақ. Тарихи деректер мен мысалдар жеткілікті, мәселен – парсы, француз тілдерінің тарихы, ал қазіргі дәуірде ағылшын тілі бірінші қатарға шықты. Бұл тұста жоғары оқу орындарының рөлі аса маңызды. Университеттер қазақ тіліндегі ғылыми-зерттеу еңбектеріне айрықша назар аударуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы тұста Президент тағы бір өзекті мәселеге тоқталды. Бұл – тілдегі бірізділік мәселесі.

– Өкінішке қарай, қазір қазақ тіліндегі кейбір сөздер, ұғымдар, тіпті түсініктер әртүрлі қолданылып жүр. Бұл – жылы жауып қоя салатын жеңіл-желпі дүние емес. Себебі мұндай жағдай жұртты шатастырып, тіл тазалығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазақ тілін қолдану ісінде нақты жүйенің, белгілі бір тәртіптің болуына баса мән берген жөн.

Жалпы, осы мәселеге кең ауқымда қарағаң дұрыс. Ең алдымен, емле мен ережені түгендеп, жүйелеу керек. Бұған қоса, барлық сөздікті, соның ішінде орфографиялық сөздікті жаңартатын уақыт келді. Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен ресми түрде бекітілген Қазақ тілінің орфография сөздігі Кеңес заманында, яғни 1983 жылы шыққан. Әрине, одан кейін де бірнеше сөздік жарық көрді. Алайда олардың ешқайсысы мемлекеттік деңгейде бекітілмеген, заңды күші жоқ. Кейбір көрші мемлекеттерде мұндай ғылыми еңбектер бес жыл сайын жаңартылып отырады. Сондықтан біз де қазақ тілі орфографиясының ғылыми негізін зерделеп, жедел түрде ретке келтіруіміз керек. Осы жұмысты келесі жылдың соңына дейін аяқтау қажет.

Бірақ жалпы тіліміз басқа іргелес елдердің тілдерімен салыстырғанда әлдеқайда таза деп айтсақ, дұрыс болар. Мысалы, бұрын өте сирек пайдаланған немесе мүлде пайдаланбаған «тұжырымдама, қағидат, жоспар, сыйақы, шәкіртақы, еңбек өтілі, кешенді, әмбебап, жүйелі, тыңайтқыш, жанармай, көгалдандыру, босқын, қырғи-қабақ соғыс, қоқан-лоқы, лаңкестік, есірткі, бітімгерлік күштер, мәмілегер, ғарыш, зымыран, жаһан, ғаламтор, тікұшақ, жасанды сана, пайыз, сынып» сияқты сөздер тілімізде кең қолданыс тапты. Бұл – жақсы дүние, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, әр жақсы құбылыстың шегі болуы керек.

– Мысалы, «күйсандық (пианино), қылтима (балкон), субұрқақ (фонтан), себезгі (душ), қырыққабат (капуста), үнқағаз (газет), жеделсаты (лифт), желкөз (форточка)» және тағы басқа жасанды сөздердің қажеттілігі екіталай сияқты. Соңғы кезде дінге қатысты көне сөздеріміздің орнына араб сөздерін жиі қолдану сән болып кетті. Мұның да қажеттілігіне күмән бар. Жалпы, осының бәрі – өте өзекті мәселелер, сондықтан кәсіби ғалымдар өздерінің салмақты пікірлерін ортаға салуы қажет.

Тіл ғылымына қатысты әмбебап, бәріне қолжетімді цифрлық жүйе әзірлеу маңызды. Бұл міндетті мемлекеттік деңгейде сапалы орындау үшін құрамына кәсіби тіл мамандары, ғалымдар, сарапшылар мен жалпы қоғам өкілдері кіретін арнайы жұмыс тобын құрған жөн деп санаймын. Жұмыс тобының қызметін үйлестіру Президент Әкімшілігіне жүктеледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ тілін халықаралық тілдер қауымдастығында өз орны бар тіл ретінде дамытуымыз керек екенін жеткізді.

– Ана тіліміздің өзге тілдермен байланысын қамтамасыз ету өте маңызды. Осы орайда, «Қазақ тілі» қоғамы жүзеге асырған Oxford Qazaq Dictionary жобасын жалғастыру керек деп есептеймін. Мен өзім бұл сөздікті қарап шықтым, жалпы пайдалы еңбек деп санаймын.

Қазақ тілін Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ресми тілдерімен жалғайтын сапалы екі тілді және көптілді сөздіктер әзірлейтін уақыт келді. Қазақ-француз, қазақ-испан, қазақ-қытай, қазақ-араб, сонымен қатар, қазақ-неміс, қазақ-итальян, қазақ-жапон, қазақ-корей, қазақ-парсы сөздіктерін жасау қажет. Қазақ-орыс сөздігін уақыт талабына сай жаңартқан жөн. Сөздіктердің электрондық нұсқасын әзірлеп, үнемі толықтырып отыру керек. Тілдің халықаралық байланысын нығайту арқылы мәдени және ғылыми ықпалдастыққа жол ашылады, еліміздің зияткерлік әлеуеті артады.

Бірақ тілдің болашағы тек сөздік пен оқулыққа байланысты емес. Адам қай тілде ақпарат іздеп, фильм көріп, білім алса, сол тілдің әлеуеті күшейе түсетіні анық. Сондықтан цифрлық кеңістікте қазақ тіліндегі сапалы әрі тартымды өнімдерді көбейту – аса маңызды міндет. Әсіресе қазақ тілін өздігінен үйренуге мүмкіндік беретін IT-өнімдер, балалардың тілін дамытуға арналған фильмдер мен ойындар көп болуы қажет, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Президенттің айтуынша, қазақша ақпараттың аясы, яғни қазіргі тілмен айтсақ, қазақ тіліндегі контенттің ауқымы мейлінше кең болғаны дұрыс. Ғылым, технология, мәдениет, кәсіпкерлік, спорт және басқа да өзекті тақырыптар бойынша сапалы өнім әзірлеген жөн.

– Жалпы, осындай жобаларға мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсету қажет. Бұл мәселе бойынша арнайы жұмыс тобын құруға болады. Осы маңызды іске «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы және қоғамның мүшелері зор үлес қосары күмәнсіз. Сайып келгенде, тіліміздің болашағына бәріміз бірдей жауаптымыз. Әрқайсымыз қазақ тілінің тұғырын нығайтуға атсалысуымыз керек.

«Қазақ тілі» қоғамы – осы жұмыстың алғы шебінде тұрған іргелі ұйым. Бәріміз бұл ұйымды қолдауымыз керек. Қоғам құрамында үш жылдан бері Qazaq Tili Endowment Qory жұмыс істеп тұр. Мен өзім де бұл маңызды бастамаға қолдау көрсеттім. Ел азаматтары да осы игі іске өз үлесін қосуда. Кәсіпкерлеріміз де өз ынтасын көрсетіп, «Қазақ тілі» қоғамына белсенді түрде қаржылай жәрдем беретініне күмәнім жоқ. Тіл – халық қазынасы екенін айта келе, Сондықтан ұйымның бұл қызметін шын мәнінде халықтық мүддені көздеген іс деп айтуға толық негіз бар, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым қолға алған тағы бір маңызды бастаманы атап өтті.

– Маған «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы «Дала орманы» деген жақсы жобаны таныстырды. Бұл ұйым бір жылдың ішінде серіктестерімен бірге 400 гектар жерге 5 миллион тал еккен. Осы жұмыстың нәтижесінде еліміздің үш облысында 4 үлкен орман питомнигі құрылған. Енді оның ауқымын одан әрі кеңейту керек. Әр ауылдың маңынан 25, аудан орталығының қасынан 50, ал үлкен қалалардың маңайынан 100 гектардан көшеттер өсіретін саябақтар ашу жоспарда бар екен. Мен мұны толық қолдаймын. Дұрыс бастама. Үкімет пен әкімдіктер де бұл жұмысқа атсалысуы қажет. Осы жобаның арқасында Қазақстандағы орман алқабын 14,5 миллион гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туады. Бұл «Қазақ тілі» ұйымының «Таза Қазақстан» жобасына қосқан нақты үлесі болмақ. Қазақтың даласы орманға айналмайды деп кім айтты?! Орманды өсіру де, даланы жайнату да біздің қолымыздан келеді. Сондықтан «Дала орманы» жобасын сапалы жүзеге асыру өте маңызды. Бәріміз қолдайық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ тілі ұлт бірлігінің мызғымас тұғыры саналатынын айта келе, мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлттардың өкілдерін айрықша атап өтті.

– Олардың арасында қазақ тілін үйретумен айналысатын білікті мамандар бар. Әлеуметтік желі арқылы тілімізді дәріптеп жүрген азаматтар да аз емес. Мұндай адамдар тіліміздің дамуына үн қосып, оның жарқын келешегін нақты іспен жасап жатыр. Солардың еңбегін біз сыйластықпен, ризашылықпен қабылдауымыз керек. Жалпы, соңғы жылдары мемлекеттік тілді меңгергісі келетін адамдардың қатары көбейіп жатыр. Оларға барынша жағдай жасау – біздің азаматтық парызымыз.

Қазақ тілін тез әрі оңай үйренуге мүмкіндік беретін озық әдістемелер, соның ішінде цифрлық оқу құралдарын әзірлеу қажет. Жалпы, бұл мәселе қоғамда жиі айтылып жүр. Осы жұмысқа тіл мамандарын, ақпараттық технология саласының өкілдерін жұмылдырған жөн. Қазақ тілін білетін адам қазақ халқын, жалпы Қазақстанды танып-біледі. Тілді меңгерген әрбір азамат еліміздің тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінеді.

Мен Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясында ел бірлігін бекемдейтін ең маңызды фактор мемлекеттік тіл екенін нақты айттым. Дегенмен мына нәрсені есте ұстаған абзал: Қазақ тілін дамыту – еліміздегі өзге тілдердің дамуына кедергі келтіру емес. Басқаша айтқанда, ана тілімізді басқа тілдерге қарсы қоюға мүлдем болмайды. Тілдерді пайдаланып, қоғамдық жанталас, жанжал жасағысы келетін арандатушылар өте қауіпті істермен айналысып жүр. Сондықтан оларды «Заң мен тәртіп» қағидасына сәйкес жауапкершілікке тарту керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы тұста Президент кез келген тілге қарсы шығу – Жаратқанның адамға берген нығметіне қарсы шығумен бірдей екенін баяндады.

– Бір тілді басқа тілге қарсы қоюға болмайды. Бұл – үлкен күнә. Оның салдарын өз көзімізбен көріп жатырмыз. Біз қазақ тілін ең алдымен бірлік пен ынтымақ тілі ретінде дамытуымыз керек. Ана тіліміз жаһан жұртшылығына тартымды тіл болуы керек. Біртұтас халқымызды бөліп-жаруға мүлдем болмайды. Өз тұтастығын сақтай алмаған халық басқаларға үлгі-өнеге көрсете алмайды, басқа елдердің құрметіне ешқашан ие болмайды. «Бірлік бар жерде тірлік бар», бұл – өмірдің талай сынағынан өткен ақиқат. Біз бір-бірімізге құрмет көрсетіп, өзара сыйластықпен қарап, ынтымағымызды нығайта беруіміз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдында маңызды міндеттер тұрғанын еске салып, ел болып «Халықтық құрылыс» бағдарламасын іске асыратынымызды айтты.

– 2027 жыл «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» болмақ. Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналады. Еліміз бойынша әртүрлі әлеуметтік нысандар – балабақшалар, мектептер, кітапханалар, ауруханалар, емханалар, оңалту орталықтары, спорт инфрақұрылымы және басқа да ғимараттар, өндіріс орындары, жолдар, вокзалдар, әуежайлар салынады. Барлық өңірде мыңдаған жұмыс орны ашылады. Отандық кәсіпкерлерге мол мүмкіндіктер беріледі. Тәуелсіз Қазақстанның төл тарихында мұндай ауқымды жоба бұрын-соңды болған емес.

«Халықтық құрылыс» – мазмұны кең, мән-мағынасы терең нағыз халықтық жоба. Біз ел игілігіне қызмет ететін нысандар салып, тұтас мемлекетіміздің келбетін жаңартамыз, бүкіл ұлтымыздың сана-сезіміне серпін береміз. Бірақ ең маңызды мәселе – біз келешек ұрпақтарға тұжырымдамалар мен жоспарлар, шетелдегі құнды қағаздарда сақталған, уақыт өткен сайын арзандап бара жатқан қаржыны емес, халыққа қызмет ететін нақты әлеуметтік нысандарды аманат ретінде қалдыруымыз керек. Құрылыспен айналысу – жасампаздыққа, жаңашылдыққа ұмтылу. Сондықтан «Құрылыс және тағы да құрылыс» деген бір ауыз сөз жаңғыру жолына түскен Қазақстанның мызғымас қағидаты, жалпыұлттық ұраны болуға тиіс.

«Халықтық құрылыс» жұртымызды бір мақсат пен мүддеге біріктіреді, елімізді нағыз өрлеу мен өркендеу жолына бастайды. Осыған орай, алдағы үш жылдың ішінде Ұлттық қордан 6,5 триллион теңге бөлінеді. Арнайы комиссия бұл ауқымды қаражаттың үнемді, жымқырусыз жұмсалуын мұқият бақылауда ұстайды. Қазір бұл комиссияның құрамын қарап жатырмын. Ең басты талап – мүшелер айқай-шусыз, даңғаза жасамай, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде, тиімді атқаруы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, біз әділетті қоғам боламыз десек, әр іске жауапкершілікпен қарап, бір-бірімізге жанашыр болуымыз қажет.

– «Таза Қазақстан» идеясына сай табиғатқа қамқор көзбен қарап, болмысымызды, ниетімізді және тілімізді таза ұстау маңызды. Өркениетті қоғамда дөрекі сөйлеуге, біреудің ар-ожданына нұқсан келтіруге, өзгелерді кемсітуге, қоқысты көшеге немесе қоғамдық жерлерге лақтыруға, кез келген жерге түкіруге, қоғамдық дүниені бұзып, сындыруға жол берілмейді және ондай әрекет заң бойынша жазаланады. Бұл – барлық құқық қорғау мекемелеріне қатысты жеке және өте маңызды тапсырмам.

«Заң мен тәртіп» ел өмірінің ажырамас бөлігі, бұлжымас қағидаты болуға тиіс. Өйткені заң мен тәртіп үстемдігі – мемлекеттілігімізді нығайтудың, Егемендігімізді қорғаудың бірден-бір шарты. Өкінішке қарай, кейбір теріс пиғылды адамдар «Заң мен тәртіп» қағидатын бұрмалап, оны қысым жасаудың құралы ретінде көрсеткісі келеді. Ашығын айтсақ, бұл – арамдық. Мұндай келеңсіз әрекетке қатаң тосқауыл қоюымыз керек. Халқымызда «Әдеп басы – тіл» деген аталы сөз бар. Сондықтан осы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа «Қазақ тілі» қоғамының өкілдері, жалпы, тіліміздің үнемі қолдайтын азаматтар белсене атсалысуы керек.

Бәріңізге тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін. «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлына да алғыс айтамын. Мен бүгін еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматқа мемлекеттік марапат тапсыру туралы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға құтты болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан мен қасиетті құндылығымыз – қазақ тілі жасай берсін, – деп түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰРЫЛТАЙ

12 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ЗЕРТТЕУДЕН ӨНДІРІСКЕ ДЕЙІН:
## ҚҰРЫЛТАЙ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫМДАР ЖАСАДЫ

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен отырыста депутаттар Жоғары аудиторлық палатаның ғылымды қаржыландыру тиімділігіне жүргізген аудитінің қорытындысы бойынша есебін тыңдады. Сонымен қатар баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдап, жүктерді халықаралық жолмен тасымалдау шарты туралы конвенцияға қатысты екі ратификациялық заңды қабылдады.




Отырыста бірінші мәселе ретінде Жоғары аудиторлық палатаның ғылымды дамытуға бөлінген қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне және жер қойнауын пайдаланушылардың міндетті аударымдары есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) қаржыландыру тетігінің тиімділігіне жүргізген мемлекеттік аудитінің есебі тыңдалды.

Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловтың айтуынша, аудит 2021-2025 жылдар аралығындағы тоғыз негізгі нысанды және 242 млрд теңге бюджет қаражатын қамтыған.

Есепке сәйкес, қарастырылған кезеңде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығын көлемі 2,4 есеге артып, 261,5 млрд теңгеге жеткен. Алайда ғылымды қаржыландыру көлемінің ұлғаюы оның экономикадағы рөлінің сапалы өзгеруіне әлі де ықпал ете қойған жоқ. Ғылым негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылып отыр. Атап айтқанда, ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын жалпы шығынның 74 пайызы бюджет қаражатына тиесілі.

Сонымен қатар жобалар мен олардың нәтижелерін есепке алудың бірыңғай жүйесінің болмауы, цифрландыру жұмыстарының жүйесіздігі, қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпараттың толық қолжетімсіздігі және басқа да факторлар ғылымға жұмсалған қаражаттың тиімділігін объективті бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Құрылтайдың Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиев атап өткендей, Жоғары аудиторлық палатаның негізгі тұжырымы – ғылымды қаржыландыру көлемінің өсуі оны басқару сапасының артуымен қатар жүруге тиіс. Оның айтуынша, анықталған бұзушылықтарды жоюмен ғана шектелмей, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен олардың нәтижелерін өндіріске енгізудің елдің ғылыми-технологиялық дамуына жеткілікті үлес қоспауына себеп болып отырған жүйелі мәселелерді де шешу қажет.

Депутат ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде ғылым мен бизнестің өзара байланысын нығайтуды ұсынды. Бұл ретте қаржыландыру басымдықтары мен ғылыми міндеттер экономиканың нақты қажеттіліктеріне негізделуге тиіс.

– Бизнестің қатысуы міндеттерді айқындау кезеңінен басталып, сынақтан өткізу және өндіріске енгізу кезеңдерінде де жалғасуы керек. Кәсіпорындар өндірістік алаңдар ұсынып, зерттеу нәтижелерін тексеруге және тиімді жобаларды бірлесіп қаржыландыруға қатыса алады. Ол үшін Үкімет ғылым мен бизнестің бірлескен жұмыс тетіктерін айқындауы қажет. Атап айтқанда, тараптардың міндеттемелері, зияткерлік меншікті пайдалану шарттары және кәсіпорындардың ғылыми әзірлемелерді енгізуге қатысу нысандары нақтылануға тиіс, – деді Дархан Ахмедиев.

Оның айтуынша, мұндай тәсіл еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, ресурстарды үнемдеуге және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндік береді.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 11,9 пайызды құраған. Яғни шамамен 31,5 мың кәсіпорынның 3,7 мыңнан астамы инновациялық қызметпен айналысқан. Комитет төрағасының пікірінше, бұл көрсеткіш бизнестің инновациялық белсенділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Талқылау барысында Құрылтай депутаттары ғылымды қаржыландырудың ашықтығы мен ғылыми саланы басқару тиімділігін арттыру, зерттеу нәтижелерін бағалау жүйесін қайта қарау, ғылыми әзірлемелерге деген сұранысты талдау, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың қаржылық міндеттемелерді орындауын және ҒЗТКЖ-ға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау мәселелерін көтерді. Сонымен қатар өңірлік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың қаржыландыруға, зертханалық базаға және заманауи жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Талқылауды қорытындылаған Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай ғылыми саланы басқару тиімділігін арттыру, зерттеулерді қаржыландыруды экономика мен бизнестің қажеттіліктерімен тығыз байланыстыру, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді олардың практикалық тиімділігі мен азаматтардың өмір сапасына ықпалы тұрғысынан бағалау қажеттігін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 28 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда», – деп атап өтті. Бұл еліміздің қазіргі даму кезеңінде айрықша маңызды. Бүгін біз ғылым саласын қаржыландырудың тиімділігі мәселесін жан-жақты талқыладық. Үкіметтегі әріптестеріміз Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдары мен депутаттар тарапынан айтылған ұсыныстардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуі қажет. Депутаттар өз тарапынан Үкіметпен және ғылыми қоғамдастықпен бірлесіп, ғылым саласындағы заңнаманы және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру тетіктерін жетілдіру мәселелерін тереңдете пысықтауға дайын, – деді Айбек Дәдебай.

Отырыстың қорытындысы бойынша Құрылтай жауапты мемлекеттік органдарға бірқатар ұсыным әзірледі. Атап айтқанда, Үкіметке ғылыми жобаларды іске асырудың барлық кезеңін – өтінімдерді қалыптастырудан, сараптамалық қорытындыларды келісу мен қаралудан, шарттар жасасудан бастап жобалардың орындалуына мониторинг жүргізуге дейінгі процестерді толық автоматтандыру ұсынылды.

Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұлттық экономика мен бизнестің қажеттіліктерін ескере отырып, ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың басым бағыттарын айқындау және қаражатты осы бағыттардағы жобаларды іске асыруға шоғырландыру ұсынылды. Сонымен қатар ведомство ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың болжамдылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуі қажет. Ол үшін гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарын уақытылы өткізу, өтінімдерге ғылыми сараптама жүргізу және ғылыми жобаларды іске асыратын ұйымдармен шарттар жасасу маңызды.

Отырыс барысында баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер бірінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасының негізгі ережелерін депутаттарға Энергетика министрі Ерлан Аққенженов таныстырды.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында электр энергиясымен қамтамасыз ету еліміздің бәсекеге қабілеттілігі мен экономикалық егемендігінің аса маңызды шарты ретінде белгіледі. 2029 жылға қарай, оның ішінде жаңартылатын энергетиканы дамыту есебінен электр энергиясының тұрақты профицитіне қол жеткізу міндеті қойылды. Бұл міндетті шешу жаңа қуаттарды іске қосуды ғана емес, заңнаманы жетілдіруді де талап етеді, – деді Құрылтайдағы жұмыс тобының жетекшісі Сұңғат Есімханов қосымша баяндамасында.

Депутат бұл үшін инвесторларға түсінікті әрі қолайлы жағдай жасау, энергия жүйесінің сенімді жұмысын және нарық қатысушыларының тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, қаралып отырған заң жобасы осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған.

Атап айтқанда, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңның реттеу аясын кеңейтіп, атауын «баламалы энергия көздерін дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту ұсынылады. Сонымен қатар сутегі энергетикасы, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату және қалдық жылуды пайдалану мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеу көзделген.

Сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерінен өндірілген электр энергиясын жинақтау жүйелерін қолдануға және оны өндірушілер мен тұтынушылар арасында тікелей екіжақты шарттар негізінде сатуға құқықтық негіз қалыптастырылады. Бұл тетіктер энергия жүйесінің икемділігін арттырып, жеке инвестициялар тартуға қосымша мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, жұмыс тобы электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс істеу тетіктерін жетілдіруге және электр энергетикасы нарығына жаңа қатысушылардың мәртебесін бекітуге бағытталған түзетулер енгізді. Бұл ретте олардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және сала субъектілерімен өзара іс-қимыл шарттары айқындалады.

Талқылау барысында депутаттар электр энергиясын жинақтау жүйелерінің артықшылықтары мен экономикалық тиімділігіне, олардың энергиямен тұрақты қамтамасыз етудегі рөліне және тұтынушылар үшін беретін пайдасына қызығушылық танытты. Сондай-ақ түнгі уақытта өндірілетін электр энергиясының көлемі, оны көрші мемлекеттерге сату құны және отандық кәсіпорындарға төмен бағамен жеткізу мүмкіндігі туралы сұрақтар қойылды.

Құрылтай екі оқылымда Жүктерді халықаралық жолмен тасымалдау шарты туралы конвенцияны (ЖТШК) және оған электрондық жүккұжатқа қатысты қосымша хаттаманы ратификациялау туралы заңдарды қабылдады. Құжаттарды депутаттарға Көлік министрінің міндетін атқарушы Мақсат Қалиақпаров таныстырды.

Конвенция жүктерді халықаралық жолмен тасымалдау шартын жасасудың, орындаудың және бұзудың бірыңғай ережелерін белгілейді. Сонымен қатар тасымалдаушының шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін айқындайды.

Бүгінде Конвенцияға 58 мемлекет, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы барлық ел қосылған.

Құрылтай депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Станислав Щербаков атап өткендей, Конвенцияны ратификациялау Қазақстанның оған қатысушы мемлекеттермен транзиттік-көліктік әлеуетін және сауда-экономикалық байланыстарын одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Ал Қосымша хаттама деректерді электрондық тіркеу және өңдеу әдістерін пайдалана отырып, жүккұжаттарды электрондық форматта рәсімдеуге мүмкіндік береді. Депутаттың айтуынша, бұл экономиканы цифрлық трансформациялаудың маңызды бөлігі ретінде халықаралық автомобиль тасымалдарын цифрландыруды жеделдетуге, қалыптасып келе жатқан еуразиялық көлік дәліздерінің транзиттік әлеуетін арттыруға және автокөлік кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Құрылтай Асан Ескендіровті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы лауазымына сайлады.

Отырыс қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне Жоғары аудиторлық палатаның ғылымды қаржыландыру саласындағы аудит нәтижелеріне арналған брифинг өтті. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Нұрлан Нұржанов, сондай-ақ Құрылтай депутаттары Дархан Ахмедиев пен Лаура Қарабасова журналистердің сұрақтарына жауап берді.

# БАТЫС ЖҰРТЫМЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ



Батыс Қазақстан облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелері мен басым бағыттарын түсіндіруге арналған республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының кездесулері өтті.

Топ құрамында Құрылтай депутаты Снежанна Имашева, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Мұрат Мұқаев, Энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев және Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков болды.

Алғашқы кездесулердің бірі Қазақ инновациялық-телекоммуникациялық жүйелер университетінде өтіп, оған оқу орнының оқытушылары мен студенттері қатысты. Ашық диалог барысында Мемлекет басшысы айқындаған негізгі міндеттер, білім беру жүйесін дамыту, білікті мамандар даярлау және жастардың елдің қоғамдық-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру мәселелері сөз болды.

Әсіресе білім сапасын арттыру, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының заманауи талаптарына бейімдеу, кәсіби құзыреттілікті дамыту және жас мамандардың әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасау мәселелеріне назар аударылды. Сонымен қатар жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыру, қоғамдық өмірге белсенді араласуы және ел болашағына деген жауапкершілігін қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Бұдан кейін топ мүшелері Ozge Epic креативті хабында мәдениет саласының өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында мәдениет саласын дамыту, шығармашылық бастамаларды қолдау, ұлттық құндылықтарды сақтау және креативті индустриялардың әлеуетін арттыру мәселелері талқыланды.

Қатысушылар мәдениеттің ұлттық бірегейлікті нығайтудағы, тарихи-мәдени мұраны сақтаудағы және қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ шығармашылықпен айналысатын азаматтарға қолдау көрсету, талантты жастардың бастамаларын ілгерілету және отандық мәдени өнімдерді кеңінен насихаттау қажеттігі айтылды.

Келесі кездесу мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт кешенінде спортшылармен өтті. Онда бұқаралық және кәсіби спортты дамыту, спорт инфрақұрылымының қолжетімділігін қамтамасыз ету, параспортты қолдау және саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Кездесу барысында дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тең мүмкіндік жасау, спорт нысандарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру, сондай-ақ республикалық және халықаралық жарыстарда өңір намысын қорғап жүрген спортшыларды қолдау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Спорттың адам денсаулығын нығайтудағы ғана емес, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуетін ашуға және олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал ететін маңызды құрал екені атап өтілді.

Кездесулер ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірін ортаға салды. Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Жолдауда белгіленген басымдықтарға тоқталып, мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен алдағы міндеттер жөнінде түсінік берді.

Мұндай кездесулер орталық мемлекеттік органдар мен өңір жұртшылығы арасындағы өзара байланысты нығайтуға, қоғамның түрлі саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға және азаматтардың ел дамуының стратегиялық бағыттары туралы хабардарлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген бастамаларды кеңінен түсіндіруге, қоғаммен ашық диалог орнатуға және азаматтарды елдің даму үдерістеріне белсенді қатыстыруға бағытталған.

ӘDILET

12 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ЦИФРЛЫ ЭКОНОМИКА – ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Кәсіпкерлер, педагогтер, сарапшылар мен дәрігерлер Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттердің жүзеге асырылу барысын талқылап, алдағы уақытта Құрылтай депутаттарымен бірлесіп пысықтауға арналған ұсыныстарын ортаға салды. Кездесу барысында цифрлық технологияларды дамытуға, экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге, білім алуға тең жағдай қалыптастыруға, отбасыларға қолдау көрсетуге, сондай-ақ мамандардың еңбек жағдайы мен медициналық көмектің қолжетімділігіне ерекше назар аударылды.



«Әділет» партиясы Төрағасының орынбасары Әлия Адамбаева Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді жүзеге асыру барысында тұрғындармен тұрақты байланыс орнатудың және кеңауқымды кәсіби қауымдастық өкілдері қатысуының маңызын атап өтті.

– Екі аптада партияның қатысуымен еліміздің барлық өңірінде тұрғындармен және еңбек ұжымдарымен 8,5 мыңнан астам кездесу өтті. Ендігі маңызды міндет – қазақстандықтардың іс жүзінде қандай мәселелерге тап болатынын түсініп, оларды шешу жолдарын айқындау. Өңірлердің дамуы, сапалы білім мен медицинаның қолжетімділігі, әр отбасының әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Сондықтан азаматтардың ұсынысын, сарапшылардың кәсіби тәжірибесін және депутаттық корпустың мүмкіндігін біріктіру қажет. Бүгінгі талқылау қорытындысы бойынша Әйелдер қанаты Құрылтай депутаттарымен бірлесіп пысықтайтын бастамаларды айқындаймыз, – деді Әлия Адамбаева.

Кездесудің негізгі бөлігі цифрландыру, кәсіпкерлікті дамыту және өңір тұрғындары үшін жаңа экономикалық мүмкіндіктер қалыптастыру мәселелеріне арналды. Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Айсұлу Сүлеймен цифрлық экономиканы дамыту қадамы азаматтарға нақты пайдасын тигізіп, кәсіпкерлікпен айналысуға, жаңа мамандықтарды меңгеруге және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға жағдай жасауға тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, ауылдық жерлерде тұратын әйелдердің цифрлық және кәсіпкерлік мүмкіндіктерін кеңейтуге айрықша көңіл бөлу қажет.

– Қолға алынған бағдарламалардың саны емес, адамдардың қандай мәселелерін шешуге көмектесетіні маңызды. Егер ауылдағы әйел өз өнімін еліміздің кез келген өңірінде сата алса, жас маман өз технологияларын әзірлесе, ал азамат мемлекеттік қызметтерді уақыт жоғалтпай алатын болса, цифрландырудың нақты нәтижесі дегеніміз – осы, – деді депутат.

Өңірлерді кешенді түрде нығайту тақырыбын жалғастырған Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Шолпан Каринова еліміздің барлық өңіріндегі тұрғындар үшін тең жағдай жасау қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, білім беру, спорт, мәдениет және медициналық инфрақұрылымды дамыту қадамдары тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған өзара тығыз байланысты салалар ретінде қарастырылуы керек.

– Басты міндет – тұрғылықты жеріне қарамастан әрбір адамға тең әрі жайлы жағдай жасау. Қолжетімді мектептер, спорт және мәдениет нысандары, емханалар мен ауруханалар, абаттандырылған елді мекендер – мұның бәрі адамдардың әл-ауқатына тікелей әсер етуге тиіс. Сондықтан Президент Жолдауында өңірлерді нығайту мәселесіне ерекше назар аударылды. Әрбір қала мен ауыл тұрғыны толыққанды өмір сүруге, білім алуға және дамуға қажетті мүмкіндіктерге ие болуы – аса маңызды, – деді ол.

Талқылау барысындағы маңызды бағыттардың бірі – білім беру және экономика қажеттілігіне сай кадр даярлау. Астанадағы технологиялық колледждің директоры Ләззат Разбекова жастарды қазіргі еңбек нарығына бейімдеу, техникалық және кәсіптік білім беру ісін дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақты «Адал азамат» құндылықтары негізінде тәрбиелеу мәселелерін көтерді.

Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуына тең мүмкіндік жасау мәселесіне де жеке назар аударылды. Астана қаласындағы Әйелдер күші альянсының төрағасы, №91 мектеп-гимназия директоры Алмагүл Сегізбай цифрлық технологиялардың дамуы оқушыларға білім беру ісінде жаңа тәсілдерді қажет ететінін атап өтті. Сонымен қатар технологиялар педагогтердің жұмысын алмастырмай, керісінше, олардың қызметін толықтырып, тиімділігін арттыруға тиіс.

– Жасанды интеллект дәуірінде цифрлық сауаттылық, сыни ойлау және зерттей білу дағдылары – өте маңызды. Мемлекеттің болашағы бала тәрбиесінен басталады. Бұл – отбасының, мектептің және қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әсіресе аналарға, көпбалалы отбасыларға және ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға айрықша көңіл бөліп, қолдау көрсету қажет, – деді Алмагүл Сегізбай.

Кездесу барысында денсаулық сақтау саласы және медицина қызметкерлерінің кәсіби мәртебесін арттыру мәселелері де қозғалды. Қатысушылар аурулардың алдын алу, ерте диагностикалау және тұрғындарды білікті медициналық көмекпен қамтамасыз ету ісінің маңызын талқылады. Астана қаласы Әйелдер қанатының тең төрағасы, Эндохирургия клиникасының директоры Салтанат Женалаеваның айтуынша, медицина қызметкерлеріне жүйелі түрде қолдау көрсетілмейінше, медициналық көмектің сапасы артпайды. Себебі пациенттердің денсаулығы мамандардың кәсіби шеберлігі мен еңбек жағдайына тікелей байланысты. Сегіз перинаталдық орталық пен жеті көпбейінді балалар ауруханасының құрылысы туралы айта келе, сарапшылар жаңа нысандарды салу ісі бейінді мамандар даярлау, заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету және тиімді басқару жүйесін енгізу ісімен қатар жүруі қажет екенін атап өтті. Қатысушылар әйелдердің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту және олардың қоғамдық өмірге араласуын арттыру, отбасыларды қолдау, инклюзивті білім беру ісін дамыту және психологиялық денсаулықты нығайту мәселелерін назарға алды. Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылардың ұсыныстарын жүйелеп, оларды Құрылтай депутаттарымен және тиісті мемлекеттік органдармен бірге пысықтау жоспарланып отыр.

# ТАРИХИ НЫСАНДАР ТАЗАРТЫЛДЫ

«Әділет» партиясының жастар қанаты еліміздегі 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтитын «Вандализмге жол жоқ!» акциясын жалғастырып келеді. Бұл жолы бастамаға 2 мыңнан астам жас белсенді атсалысты.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған заңды құрметтеу, тәртіп сақтау және ел игілігі үшін еңбек ету қағидалары «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында қолға алынған акцияның негізгі бағытымен үндеседі. Бастама тарихи мұраны сақтауға және жастар арасында қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Осы мақсатта белсенділер тарихи-мәдени нысандар мен қоғамдық орындарды қоқыстан тазартып, ескерткіштердегі граффити жазуларын өшіруді бастады. Акцияның қазіргі кезеңіндегі жұмыстар Абай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында жүргізіліп жатыр.

Павлодарда белсенділер 1930 жылдардағы қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіштің аумағын тазалады. «Жастар Рухы» жастар қанаты облыстық филиалының белсендісі Мерей Сапарова мұндай орындарды күтіп ұстаудың тарихи жадыны сақтаудағы маңызын атап өтті.

– Бұл ескерткіш – қуғын-сүргін мен ашаршылық жылдарында қаза тапқан азаматтарды еске алатын тағылымды орын. Ол халқымыз бастан өткерген қасіретті ұмытпауға, тарихтан сабақ алуға үндейді. Сондықтан мұндай орындардың тазалығы мен сақталуына бейжай қарамауымыз керек. Біз ескерткіштің аумағын ретке келтіріп қана қоймай, тарихи жадымызға құрмет көрсеткіміз келеді, – деді Мерей Сапарова.

«Жастар Рухы» жастар қанаты төрағасының міндетін атқарушы Ержан Хамитовтың айтуынша, акция аясында бұған дейін де еліміздің бірқатар табиғи және тарихи орындарында тазалық жұмыстары жүргізілген.

– Бұған дейін еліміздегі «Кемпіртас», «Жұмбақтас» және өзге де көрікті әрі тарихи орындарды ретке келтірген болатынбыз. Қазір акция еліміздің барлық өңірінде өтіп жатыр. Жастар қанатының белсенділері ескерткіштер мен тарихи орындарды граффити іздерінен, түрлі жазу мен қоқыстан тазарту үстінде, – деді Ержан Хамитов.



Павлодардан бөлек, Абай облысында да қоғамдық орындарды тазалау жұмыстары жүргізілді. Семей қаласында жастар Орталық саябақтағы ескерткіштер мен орындықтардағы граффити жазуларын өшіріп, қоғамдық аумақты қалыпқа келтірді. Сонымен қатар қала тұрғындары арасында вандализм мәселесіне қатысты сауалнама жүргізіп, олардың қоғамдық мүлікті бүлдіруге деген көзқарасын білді. Солтүстік Қазақстан облысында белсенділер М.Жұмабаев атындағы гүлзарды қоқыстан тазартып, ақын ескерткішін тәртіпке келтірді. Ал Орал қаласында «Стелла» саябағындағы «Жауынгерлерге мәңгілік тағзым» ескерткішінің маңында тазалық жұмыстары ұйымдастырылды.

Айта кетейік, «Вандализмге жол жоқ!» республикалық акциясы басталғалы 6 мыңнан астам жас 100-ге жуық тарихи нысан мен ескерткішті тазалауға атсалысты. Бастама еліміздің барлық өңірінде жалғасады.



# ТЕМІРЖОЛШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында еліміздің қуатты әлеуетін инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағыттау қажет екенін атап өктен болатын. Ал Сыр өңірі – еліміздің солтүстігі мен оңтүстігін, батысы мен шығысын байланыстыратын маңызды көлік инфрақұрылымы жасақталған аймақтардың бірі. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану, теміржол инфрақұрылымын жаңғырту және тасымал тиімділігін арттыру – экономикалық өсімнің маңызды алғышарты. Осы мәселелер «Әділет» партиясының Қызылорда қалалық филиалы ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдерінің кезекті кездесуінде талқыланды.

Партияның ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдері Руслан Рүстемұлы, Әлібек Жаппасбаев, Асхат Шәукенбаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде» өткен кездесуде Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған көлік-логистика саласын дамытудың негізгі бағыттарын түсіндірді.

Бүгінде өңірден өтетін магистралды теміржол желісінің ұзындығы 1051,7 шақырымды құрайды. Облыс аумағы арқылы жолаушылар пойыздары тұрақты қатынап, Қызылорда қаласынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан бағыттарына жүретін мүмкіндігі бар. Теміржол желісі аудан орталықтары мен елді мекендердің көлік қатынасын қамтамасыз етуде де маңызды қызмет атқарады. Сонымен қатар Сыр өңірінің теміржол әлеуеті жолаушылар тасымалымен ғана шектелмейді. Аймақта өндірілетін күріш, тұз, мұнай өнімдері, құрылыс материалдары мен өзге де тауарларды еліміздің басқа өңірлеріне және сыртқы нарықтарға жеткізуде теміржолдың орны ерекше. Жүк тасымалының қолжетімді әрі тиімді болуы жергілікті кәсіпорындардың өндіріс көлемін ұлғайтуына, логистикалық шығындарды азайтуына және жаңа нарықтарға шығуына мүмкіндік береді. Сондықтан теміржол инфрақұрылымын дамыту – өңірге инвестиция тартудың, жаңа өндіріс орындарын ашудың және кәсіпкерлік белсенділікті арттырудың да маңызды тетігі.

Ал ақпараттық топ өкілі Әлібек Жаппасбаев көлік саласын дамытумен қатар, адами капиталды нығайту, еңбек өнімділігін арттыру және заманауи технологияларды енгізу мәселелеріне назар аударды. Ол теміржол саласының тұрақты жұмыс істеуі білікті мамандарға, олардың кәсіби дайындығына және еңбек қауіпсіздігінің сақталуына тікелей байланысты екенін атап өтті. Сонымен бірге цифрлық шешімдерді енгізу, тасымал процестерін автоматтандыру, жүк қозғалысын бақылау жүйелерін жетілдіру қызмет көрсету



сапасын арттырып, уақыт пен ресурсты тиімді пайдалануға жол ашатынын жеткізді.

Кездесуде Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген инфрақұрылымдық жобалар да сөз болды. Соңғы бес жылда елімізде 911 шақырым жаңа теміржол салынса, қазір тағы 800 шақырым теміржол құрылысы жүргізіліп, қолданыстағы 2,6 мың шақырым желіні жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Сондай-ақ «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы Қазақстанның Қытаймен көлік қатынасын кеңейтіп, транзиттік жүк тасымалының мүмкіндігін арттыруға бағытталған.


Жиын барысында теміржол саласының өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады. Сала мамандары инфрақұрылымның жай-күйі, тасымал сапасы, еңбек жағдайы мен алдағы даму бағыттарына қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Қатысушылар саладағы мәселелерді жүйелі шешу, өндірістік әлеуетті арттыру және мамандардың кәсіби мүмкіндіктерін қолдау қажеттігін атап өтті.

Бетті дайындаған Бекбол АМАНГЕЛДІ

# БІЗДІҢ СҰХБАТ

12 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ

**Елордада Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайы өтті. Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі – мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып» екенін атап өтті. Сондай-ақ жиында ұйымның соңғы жылдары атқарған қызметі де сөз болды. Осы орайда белгілі ғалым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Шерубай Құрманбайұлына бірер сауал қойған едік.**



**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ,**
*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті:*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЕГІЗІ

**– Шерубай аға, Мемлекет басшысының қатысуымен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X мерейтойлық құрылтайы өтті. Құрылтайда қоғамның соңғы жылдардағы жұмысы қорытындыланып, жүзеге асырылып жатқан жобалары таныстырылды. Қандай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді? Құрылтайдың басты ерекшелігі неде болды?**

– Иә, осыдан 37 жыл бұрын 1989 жылы қоғам жаңадан құрылған кезде Алматыдағы М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрында өткен бірінші құрылтайға ғана ел Президенті қатысқан еді. Қоғамның одан кейінгі құрылтайлары дәл мұндай деңгейде өткен емес. Оныншы құрылтайға ел Президенті қатысып, елорда төріндегі Тәуелсіздік сарайында өтіп жатуы да – оның ерекше мәртебесі мен мемлекеттік тіл мәселесіне мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп отырғанының айғағы. Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің, ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ тілі – ұлтымыздың ең басты құндылығының бірі. Сондықтан тілдің дамуына, өркен жаюына мемлекеттің, бүкіл қоғамның ерекше мән беруі өте орынды. Құрылтайда ұйымның соңғы жылдары атқарған қызметіне есеп берді. Алдағы уақытқа жоспарланған ауқымды жобалары мен атқаратын істері туралы да баяндалды. Жалпы, кейінгі 3-4 жыл көлемінде «Қазақ тілі» қоғамының құрылымын жетілдіру мен оның жұмысын қаржылық қамтамасыз ету тұрғысынан бірқатар өзгеріс болды. Мәселен, қоғамның орталық кеңесі жасақталып, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктерін есепке ала отырып, өңірлердегі филиалдардың дербес жұмыс істеуіне басымдық берілді. Серіктестер тауып, ауқымды жобаларды жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Qazaq Tili Endowment қоры құрылып, екі-үш жыл көлемінде ондағы қаржы көлемі 824 млн теңгеге дейін артты. «Қазақ тілі» қоғамының OpenAI компаниясымен бірлесіп, ChatGPT-дің қазақ тіліндегі жұмыс сапасын жетілдіру мен әлемдік кино туындыларын көрерменге қазақ тілінде ұсынуы да жұртшылықтың қазіргі заман талабына сай сұраныстарын өтеуге бағытталған жұмыстары деуге негіз бар. Соңғы үш жылда 13 танымал фильм қазақшаға аударылып, экранға шықты. Қоғам қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатымен ұстаздар форумын, соның аясында шеберлік сағаттарын жүйелі түрде өткізіліп келеді. Қазақ тіліне деген құрмет те, қажеттілік те артып келеді. Бұл туралы Құрылтайда Мемлекет басшысы да айтты.

**– Құрылтайда қоғам жұмысының үш негізгі бағыты таныстырылды: қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру, қазақша мазмұнды байыту және тілдің жаңа технологиялардағы қолданысын кеңейту. Осы бағыттар бойынша атқарылған жұмыстардың қайсысын ерекше атап өтер едіңіз? Алдағы уақытта қандай міндеттерге басымдық беріледі?**

– Бұл жұмыстардың қай-қайсысы да маңызды. Сондықтан олар негізгі бағыттар ретінде белгіленіп отыр. Әрине, тілді оқытудың әдістемесін жетілдірудің маңызын ғалымдар, ұстаздар ертеден-ақ жақсы түсінді. Бұл – бұрыннан қолға алынып, үнемі жүргізіліп келе жатқан жұмыс. Сонау XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлы бастаған қазақ зиялыларының оқулықтар мен оқу құралдарын жазуы – соның дәлелі. Ел тәуелсіздігін жариялаған 90-жылдардан кейін бұл мәселенің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Қазақ тілін ұлт мектептерінде ғана емес, өзгетілді аудиторияда оқытуға, шетелдіктерге үйретуге деген сұраныс пайда болды. Соған сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың сапасын арттырып, әдістемесін заман талабына сай жетілдіре беруге міндеттіміз. Цифрлық технология дәуірінде қазақ тіліндегі мазмұн көлемі мен сапасын арттыру, тілді қолдану мен дамытуда осы жаңа технологияларды тиімді пайдалану тіпті маңызды. Ендеше бұл бағыттағы жұмыстар тек бір қоғамдық ұйымның ғана емес, бүкіл мемлекеттік органдардың, ірі компаниялардың, жалпы мемлекеттің айырықша назарында болуға тиіс. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы да осы бағыттағы мәтін корпусын түзу тәрізді жоспарлы жобаларының жұмысын жалғастыра береді.

**– Қазақ тілін оқыту сапасын арттыру – қоғам қызметінің маңызды бағытының бірі. Соңғы үш жылда еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылған мұғалімдер форумдарына 15 мыңнан астам педагог қатысты. Бұл форумдар қандай нәтиже берді? Бүгінде қазақ тілін оқыту әдістемесінде қандай мәселелер өзекті?**




**Қазақ тілін ұлт мектептерінде ғана емес, өзгетілді аудиторияда оқытуға, шетелдіктерге үйретуге деген сұраныс пайда болды. Соған сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың сапасын арттырып, әдістемесін заман талабына сай жетілдіре беруге міндеттіміз.**

– Кейінгі үш жыл ішінде еліміздің барлық өңірінде дерлік мұғалімдер форумы өтті. Кейбір өңірлер педагогтер сұранысына орай екінші жыл қатарынан өткізді. Біріншіден, бұл форумдарға біз еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтар мен мектептерде жұмыс істейтін белгілі ғалымдарды, оқулық авторлары мен үздік әдіскер мамандарды, тәжірибелі практиктерді спикер ретінде шақырдық. Олар өткізген сабақтар, семинарлар мен шеберлік сыныптары пән мұғалімдеріне өте пайдалы болды. Мұғалімдер жаңа әдістемелермен танысып, сабақ барысында жаңа технологияларды, ЖИ-ді пайдалануға қатысты тың мәлімет алды. Екіншіден, форумға келген озық тәжірибелі ұстаздардың өздері өткізген үлгі сабақтары қатысушылардың өзара тәжірибе алмасуына, бір-бірінен үйренуіне, әдістемесін жетілдіруге, озық кең тәжірибелердің таралуына септігін тигізді деп білеміз. Үшіншіден, біз педагогтермен кездесу барысында өңірлердегі пән мұғалімдерінің түрлі сұрағына жауап беріп, олардың шешімін таппаған мәселелерін айқындап, оқулық жазу мен бағдарламаларға қатысты ұсыныс-пікірлерін жинақтадық. Бұл осы салада жұмысты ұйымдастыру, білім беру сапасын арттыру үшін маңызды.

**– «Ана тілі» және «Жарқын болашақ» олимпиадаларына соңғы екі жылда 30 мыңнан астам оқушы қатысып, 61 білім гранты бөлінген екен. Бұл бастамалардың басты мақсаты қандай?**

– «Қазақ тілі» қоғамы мен «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорымен бірлесіп өткізген «Жарқын болашақ» және «Ана тілі» республикалық олимпиадалары жеңімпаздарының 61 грант иеленіп, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына түсуі – жас талапкерлерге көрсетілген үлкен қолдау. Бұл екі олимпиадаға қарамастан жаратылыстану ғылымдарының бірқатарында гуманитарлық ғылымдармен салыстырғанда, қазақ тілін жетік меңгерген, зерттеу еңбектерін қазақ тілінде жазатын ғалымдар саны да, қазақша ғылыми әдебиеттер үлесі де әлі едәуір төмен. Ғылым саясатына, тіл саясатына жауапты мемлекеттік органдар, жетекші университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары осы бағыттағы жұмыстарды жолға қоюға ерекше мән беруі қажет деп санаймыз. Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін, ең алдымен, ғылыми мақаласын, диссертациясын, монографиясын, оқулықтарын қазақша сауатты жаза алатын, ғылыми конференциялар мен конгрестерде баяндамасын қазақша жасай алатын, дәрістері мен практикалық сабақтарын қазақ тілінде өткізетін, түрлі ғылыми жиындарда ойын еркін жеткізіп, өз пікірін дәлелдей білетін, ғылым тілін, сала терминологиясын жетік меңгерген кәсіби ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді даярлау қажет. Ғылымның барлық саласы бойынша қазақ тілінде шығатын сапалы ғылыми журналдар болуы міндетті. Қазақша ғылыми кітаптар мен оқулықтар қоры мол болуға тиіс. Осы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсе, қазақ тілінің ғылыми терминологиясы жетіліп, ғылым тілі ретіндегі қолданысы да кеңейеді.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Гүлзина ТҰРҒАНБАЙҚЫЗЫ**

---

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026

# БІРЛІКПЕН ІРГЕ ҚАЛАҒАН ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ ЖАРҚЫН

Мемлекет басшысының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында көтерген бастамаларының ішінде «Халықтық құрылыс» бастамасының орны айрықша. Президенттің 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау жөніндегі ұсынысы ел дамуына тың серпін беретін маңызды қадам деп білемін.

Бастаманың негізгі мақсаты – ел байлығын халық күнделікті өмірінде сезінетін нақты игілікке айналдыру. Президенттің келер ұрпаққа қағаз жүзіндегі жоспарлар мен қаржылық көрсеткіштерді емес, ел қажетіне жарайтын, халықтың игілігіне қызмет ететін нақты нысандарды мұра етіп қалдыру туралы пікірі айрықша тағылымды. Шын мәнінде, ұрпақ жадында құрғақ есеп пен орындалмаған уәде емес, ел өміріне өзгеріс әкелген істер сақталады. Бүгін бой көтерген мектептің табалдырығын ертең талай бала аттап, сол ауруханадан қаншама жан шипа табады, салынған жолмен ел қатынап, өңірлердің тынысы кеңейеді. Жылдар алмасып, уақыт көшкенімен, халыққа қызмет еткен нысандардың игілігі жоғалмайды. Өйткені елге қалатын ең қымбат мұра – ұрпақтың өміріне жарық түсірген еңбек пен ел қажетіне жарағаң жасампаз істің жемісі.

Сондықтан алдағы үш жылда Ұлттық қордан осы мақсатқа 6,5 триллион теңге бөлінуі көзделіп отыр. Ауқымы жағынан да, жауапкершілігі жағынан да үлкен міндет. Мұндай қаржының әрбір теңгесі нақты нәтижеге жұмыс істеуге тиіс. Құрылыс сапасын сақтау, нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаражаттың мақсатты әрі тиімді жұмсалуын қадағалау айрықша маңызға ие.

Осы ретте Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы тапсырмасы – дер кезінде берілген маңызды шешім. Комиссия құрамына мемлекеттік органдармен қатар Құрылтай мен мәслихат депутаттарының, Халық Кеңесі мүшелерінің, қоғам қайраткерлерінің, белсенділердің, волонтерлер мен журналистердің тартылуы қоғамдық бақылаудың аясын кеңейтеді. Өйткені халықтың қаржысына салынған нысанның сапасы мен жұмсалған қаражаттың есебі де халыққа ашық болуы керек. Қоғамдық бақылау – сенімді нығайтатын, жауапкершілікті арттыратын маңызды құрал.

Бағдарламаның тағы бір қыры – отандық кәсіпкерлік пен өңірлік экономиканың дамуына серпін беруі. Құрылыс қарқыны артқан сайын жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс материалдарын өндірушілерге, мердігерлерге, шағын және орта бизнес өкілдеріне мүмкіндік көбейеді. Мұның игілігі ірі қалалармен ғана шектелмей, шалғай ауылдар мен аудан орталықтарына да жетуі маңызды. Әр өңірде басталған құрылыс сол жердің еңбек әлеуетін арттырып, жергілікті кәсіпкерлердің дамуына жол ашуы қажет.

Меніңше, «Халықтық құрылыс» атауының өзінде үлкен мән бар. Бұл – үлкен мемлекеттік бастама және нәтижесі бүкіл халыққа ортақ жоба. Оның табысты жүзеге асуы тек бөлінген қаражатқа немесе құрылыс қарқынына байланысты емес. Жоспардың сапалы орындалуы, әр нысанның нақты қажеттілікке сай салынуы, жергілікті халықтың мүддесінің ескерілуі де маңызды. Ең бастысы, салынған әрбір нысан халықтың игілігіне қызмет етуі керек.



Президенттің: «Құрылыс және тағы да құрылыс», – деген сөзі осы жұмыстың ауқымын ғана емес, оған деген көзқарасты да айқындайды. Яғни тоқтаусыз ізденіс, табанды еңбек және ел игілігі үшін жасалатын нақты іс. Құрылыс алаңында қаланған әр кірпіштің артында үлкен жауапкершілік жатыр. Сондықтан сан қуалаудан сапаға, есеп үшін салудан ел қажетіне жаратуға басымдық берілуге тиіс.

Елдің еңсесі ең алдымен халықтың тұрмысынан байқалады. Балалар жақын жердегі мектепте білім алып, науқастар заманауи ауруханада емделіп, ауыл тұрғындары сапалы жолмен қатынап, азаматтар тұрақты жұмысқа орналасқанда, мұндай бастамалардың шынайы нәтижесі көрінеді. Халықтың игілігіне жарағаң іс кез келген есептен құнды.

«Халықтық құрылыс» – бүгінгі және келешек ұрпақтың да еншісіне қалатын ортақ іс деп есептеймін. Сондықтан бұл бастамаға әр азаматтың жанашырлықпен қарағаны жөн. Мемлекет бастаған игілікті жұмысты қоғам болып қолдап, оның сапалы әрі әділ жүзеге асуына бәріміз мүдделі болуымыз керек.

Өйткені елді ел ететін – ортақ мақсат, жерді көркейтетін – адал еңбек, ал ұрпаққа қалатын ең жақсы мұра – халықтың игілігіне айналған жасампаз іс. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, осы бастаманы ел болып жүзеге асырсақ, бүгінгі еңбегіміз ертеңгі ұрпақтың игілігіне айналары сөзсіз. Бірлік бар жерде тірлік бар, ал бірлікпен атқарылған істің берекесі мол.

**Аббат ЖӘҢГІРХАНҰЛЫ,**
*Құрылтай депутаты, «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі*

# ӘУЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КӨКЖИЕК

Еуропа мен Азия арасын қосатын негізгі әуе дәліздері еліміздің аумағы арқылы өтеді. Бұл – Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттыра алар басымдығы. Алайда Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында айтқандай, «осы артықшылығымыз әзірге қағаз бетіндегі әсерлі есеп күйінде ғана қалып отыр». Сондықтан «қыруар табыс уысымыздан шығып» кете бермеуі үшін Президент авиация саласын жаңаша дамытуды жүктеді. Бұл бағытта не іс тындырылды және алда не істелмек?



**SCAT авиакомпаниясы өз меншігіндегі Шымкент әуежайын авиациялық хаб ретінде дамытуға арналған бағдарламасын жасады. Ол әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету саласын дамыту мен әуежай инфрақұрылымын кеңейтуді қоса алғанда, 12 инвестициялық жобаны қамтиды.**

Айхан ШӘРІП

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда жаңадан құрылып жатқан ұлттық авиакомпания – Air Cargo әуе тасымалдаушысына зор үміт артатынын мәлімдеді.

– Бұл компанияның қаржылық әлеуеті зор. Шетелдің үздік мамандарына жалақы төлеуге де мүмкіндігі мол. Дербес шешім қабылдай алады. Дегенмен әзірге қабылданған шешім де, нақты нәтиже де жоқ. Сіздерге зор сенім артылып отыр. Енді нәтиже күтеміз, – деп қадап айтты Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ӘУЕЖАЙ ӘЛЕУЕТІ ЖАҢА БЕЛЕСТЕ

Мемлекет басшысы жаңа кезеңде ел өңірлерінің басты «әуе қақпаларын» дамыту міндетін де қойды. Қазір Қазақстанда бірнеше әуежайдың құрылысы қатар жүргізіліп жатыр. Мұндай нысандарды бір мезетте, қатар салу тәжірибесі ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру жұмысы аяқталды, таяуда Зайсан, Катонқарағай, Кендірлі әуежайлары іске қосылмақ. Президент келесі жылы осы саладағы әлемдік ірі компаниялардың бірін тарта отырып, Астанада жаңа әуежайдың құрылысын бастауды тапсырды.

Белгілі болғандай, Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, Көлік министрлігі ел тарихында тұңғыш рет саланың ғасыр ортасына дейінгі стратегиясын дайындауға кірісіпті. Оның аясында Қазақстан 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған азаматтық авиацияны өркендетудің басымдықтарын айқындайды. Бұл туралы министрліктің Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Салтанат Томпиева мәлімдеген еді.

– Саланың алдағы кезеңге арналған міндеттерін іске асырумен қатар, Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен (ИКАО) бірлесіп, 2050 жылға дейінгі мастер-жоспар жасалып жатыр. Құжат саланы ұзақмерзімді дамыту моделін айқындауға бағытталған. Басым бағыттардың қатарында жүк авиациясын дамыту да бар. Мемлекет отандық жүк тасымалдаушыларды жаңаша қолдау шараларын пысықтады. Оның қатарында жүк ұшақтарының жекелеген санаттарын жеңілдікпен әкелу және халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктерін кеңейту де бар, – деді комитет басшысы.

Жалпы, 2026 жылдың 9 айында қазақстандық авиакомпаниялар 12,4 млн жолаушыны тасымалдады. Мысалы, соның 1 миллиондайы – қытайлар екен. Мұның сыртында қазақстандық әуежайларда 136,5 мың тонна жүк өңделді. Министрліктің дерегінше, Президент айтқан жаңа Alatau Air Cargo ұлттық жүк тасымалдаушы жақын уақытта ұшуды бастауға дайындалып жатыр.

Авиация нарығына қатысушылар да төл даму жоспарын әзірледі. Мәселен, Астананың қолданыстағы әуежайы екінші ұшу-қону жолағын салады, жүк инфрақұрылымын кеңейтеді және инфрақұрылымын толық цифрландыруға тиіс. Қарағанды әуежайы QarGo Hub тұжырымдамасын дамытып жатыр. Ол биылғы жылы жүк ағыны 61 мың тоннаға дейін өседі деп болжап отыр. Ақтауда 400-500 млн доллар көлемінде әлеуетті инвестиция тартуды көздейтін авиациялық-логистикалық хаб жобасы қолға алынған.

SCAT авиакомпаниясы өз меншігіндегі Шымкент әуежайын авиациялық хаб ретінде дамытуға арналған бағдарламасын жасады. Ол әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету саласын дамыту мен әуежай инфрақұрылымын кеңейтуді қоса алғанда, 12 инвестициялық жобаны қамтиды.

Көлік вице-министрі Талғат Ластаевтың түсіндіруінше, Президент Жолдауына сай, Қазақстанда 2029 жылға дейін әуежай инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі ауқымды жобалар іске асырылады. Бұл да «Халықтық құрылыс» кең ауқымды бағдарламасының бір бөлігі болып, ел игілігіне айналмақ.

Министр орынбасарының мәліметі бойынша, әуежай инфрақұрылымын дамытудың үш жылдық жоспары аясында еліміздің 7 әуежайындағы ұшу-қону жолақтарын жаңғырту көзделген. Атап айтқанда, Астана, Шымкент және Ақтөбе қалаларында 3 жаңа ұшу-қону жолағын салу, сондай-ақ Алматы, Жезқазған, Тараз және Орал қалаларындағы қолданыстағы 4 ұшу-қону жолағын реконструкциялау жоспарланыпты.

Сонымен қатар аталған жоспар шеңберінде Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Жезқазған, Семей, Павлодар және Үржар әуежайларында жолаушылар терминалдарын салу және реконструкциялау жоспарда бар. Бұл ретте Көлік министрлігі жаңа нысандардың жобалау-сметалық құжаттамасын уақытылы әзірлеуге, қаржыландыру көздерін айқындауға және жобаларды іске асырудың белгіленген мерзімдерін сақтау мәселелеріне ерекше назар аудармақ.

## НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР КЕҢЕЙДІ

Жалпы, қазақстандық және шетелдік авиакомпаниялар биыл 24 жаңа әуе бағытын ашты. Арасында Түркия, Сауд Арабиясы, Иордания, Израиль, Жапония, Кипр, Қытай, Моңғолия, Еуропа мен Орталық Азия елдерінің түрлі қаласы бар. Соның нәтижесінде, бүгінде халықаралық авиамаршрут желісі 31 ел мен 137 бағытты қамтиды. Яғни, Қазақстаннан жаһандағы осынша мемлекетке тікелей сапарлауға жол ашық. Бұл іс осымен тынбайды, белсенді алға ұласуға тиіс.

Көлік министрлігінің мәліметінше, Қазақстан халықаралық әуе қатынасын кезең-кезеңімен дамытуды жалғастырады. Азия, Таяу Шығыс және Еуропа елдерін қамтиын бірқатар жаңа бағыттарды ашу және қайта жандандыру жоспарланып отыр. Ұшу кеңістігін кеңейту ел қазынасына салмағын салмауға тиіс: ол отандық әуекомпаниялар мен шетелдік тасымалдаушылар есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Айталық, 2026 жылғы 11 желтоқсаннан Air Astana Астана – Бангкок (Таиланд) бағыты бойынша тікелей рейс ашпақ. Сапарлар аптасына екі рет Airbus A321LR әуе кемелерімен орындалады. Жаңа әуе бағыты іске қосылғанда Қазақстан мен Таиланд арасындағы рейстердің жалпы саны 4 бағыт бойынша аптасына 20 рейске дейін ұлғаяды.

Ал 25 желтоқсаннан бастап Air Astana Алматы – Лангкави (Малайзия) бағыты бойынша тікелей маусымдық рейстерді орындауды жоспарлап отыр. Рейстер аптасына үш рет жүзеге асырылады. Сонымен қатар Air Astana Оманға 2 жаңа бағытта тұрақты рейс бастайды: 23 қазанда Алматы – Салала бағытында аптасына 1 рет, ал 24 қазанда Астана – Салала бағыты бойынша аптасына 1 рет ұшады.

Бұдан бөлек, өткен аптада Қазақстан мен Қытай әуе қатынасын одан әрі кеңейту туралы уағдаласты. 5 қарашадағы жаңа келісімге сәйкес, қос көрші арасындағы аптасына рұқсат етілген әуе рейстерінің санын 150-ден 180-ге дейін арттыру, сондай-ақ авиамаршрут желісіне Қытайдың тағы екі қаласы – Чэнду мен Қашғарды қосу туралы мәмілеге қол жеткізілді.

– Елдеріміз арасындағы рейстер саны 2025 жылдан бері 52%-ға артты. 2026 жылдың басынан бұл елдің 1 миллионнан астам жолаушысы тасымалданды. Маршрут желісін одан әрі кеңейтіп, екі ел арасындағы бағыттардың жалпы санын 30-ға дейін жеткізу – министрліктің жоспарында, – деді Көлік вице-министрі Талғат Ластаев.

Жаңа маршруттар сауда-экономикалық, туристік және мәдени байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ алдағы уақытта Қазақстанның жаһандық көлік жүйесіне ықпалдасуына әсерін тигізуге тиіс. Маршруттық желіні кеңейту көлік байланысын арттыруға және Қазақстанның өңірлік авиациялық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі саналады.

НАРЫҚ

# BINANCE-пен БАЙЛАНЫС: СЕНІМСІЗ ЖЕРДЕ СЕКЕМ КӨП

Қазанның соңында Binance криптовалюта биржасына ауқымды хакерлік шабуыл жасалғаны есімізде. Әлемдік нарыққа, оның ішінде қазақстандықтарға да жақсы таныс биржаның мұндай жағдайға түсуі көпшіліктің алаңдатпай қоймады. Оған бірнеше себеп бар. Қазақстан нарығында шамамен 3-4 мың криптосаудагер жүргенін осыдан 2-3 жыл бұрын министр, депутаттар айтатын. Басым көбі осы биржаның клиенті екені айтпаса да, түсінікті. Оның үстіне, қара нарықтан тәркіленген криптоактивтің бәрін Қаржы мониторингі агенттігі осы биржадан әмиян ашып, сонда сақтайтын. Әлемдік компанияның «ауласынан» 6 млрд доллардан астам мүлік ұрланған соң «қазақстандық тұтынушылар қаншалықты қорғалған?», «мемлекеттік органның мемлекет мүлкін мұндай әлсіз биржада сақтауы қаншалықты орынды?» деген сауалдар еріксіз ойға оралады.



Ербол ТҰРЫМБЕТ

Әуелгі хабарда платформадан 3,3-3,5 млрд доллар көлеміндегі цифрлық актив шығарылғаны, ал өзге блокчейн желілеріндегі күмәнді транзакцияларды қосқанда 5,8 млрд долларға жетуі мүмкін екені айтылған еді. Кейінгі оқиғаға қатысты жаңа мәліметтер пайда болып, ұрланған болуы мүмкін деген шығын көлемі 6,34 млрд долларға дейін бағаланды. Тек дереу қолға алынған шаралардың арқасында оның шамамен 2,85 млрд доллары бұғатталғаны айтылды. Осындай қауырт жағдайдан соң Binance-тың жергілікті филиалы – Binance Kazakhstan қаражат енгізу және шығару операцияларын уақытша тоқтатып, қауіпсіздік тексерістері аяқталғаннан кейін қызметін қалпына келтіріп, клиенттердің қаржылық шығындарын өтейтінін мәлімдеді.

Ертесіне, 31 қазанда АҚШ-тың Федералдық тергеу бюросы Binance биржасынан 6 млрд доллардан астам цифрлық активтің ұрлануына Солтүстік Кореямен байланысты хакерлік топ жауапты екенін мәлімдеді. Олардың дерегіне қарағанда, шабуылды TraderTraitor деп аталатын киберқылмыстық топ ұйымдастырған болуы мүмкін. Ал қолды болған қаражаттың бір бөлігі Ethereum криптовалютасына айырбасталып, кейін орталықтандырылмаған қаржы сервистері арқылы жылыстатылуы мүмкін дегенді де жариялады. Сала нарығы осылай дүрмекке түсіп жатқанда Binance-тың өзі бірер күннен кейін, тек 3 қарашада ғана ақыры ресми мәлімдеме жасап, 29 қазанда күрделі кибершабуыл болғанын растады. Сөйтіп, қолданушылардың кеткен шығынын өз мойнына алатын болды. Компания дерегінше, 31 қазан күні-ақ зардап шеккен токендердің 98 пайызын қайта толықтырып қойған. Қалған активтерді де қалпына келтіру жұмыстары жалғасатынын жазды.

Әлемдік нарықта мықты деген алыптардың тосын жайға тап болуы бірінші рет емес. Естеріңізде болса, 2022 жылдың қарашасында сол уақыттағы әлемдегі ең ірі криптовалюта биржаларының бірі – FTX аяқ астынан күйреп, криптовалюта нарығын үлкен дағдарысқа ұшыратқан еді. Оған дейін жаһандағы ең сенімді әрі қарқынды дамып келе жатқан биржалардың бірі саналып, нарықтық құны 32 млрд долларға бағаланып тұрды. Алайда негізін қалаушы Сэм Бэнкман-Фридтің қаржылық операцияларына қатысты күмәнді мәліметтер жарияланғаннан кейін инвесторлар жаппай қаражатын шығара бастады. Сөйтіп, айналасы бірнеше күн ішінде биржа өтімділік қабілетінен айырылып, оның арты сол жылы 11 қарашада банкроттыққа өтініш берумен бітті.

Кейінгі тергеу барысында біраз былықтың беті ашылды. FTX клиенттерінің шамамен 8 млрд доллары мақсатсыз пайдаланылған болып шықты. Ол құйтұрқылықтың басында компанияның негізін қалаған Бэнкман-Фридтің өзі тұр. Ақырында екі жылдан кейін өзі 25 жылға сотталды. Ал биржаның күйреуі криптовалюта нарығын дүрліктіріп, Bitcoin мен басқа да цифрлық активтердің бағасы түсіп кетті, миллиондаған пайдаланушы өз қаражатына қол жеткізе алмай қалды. Сөйтіп, бұл оқиға криптовалюта индустриясындағы ең ірі қаржылық алаяқтықтардың бірі ретінде тарихта қалды.

Одан бертінде Bybit-тің де былтыр осындай жағдайға түскені бар. Ақпанда олар да хакерлік шабуылға ұшырап, шамамен 1,46 млрд долларлық Ethereum активтерінен айырылды. Көлемді ұрлықтың алғашқы жарқын мысалы болып, осы жайт алпауыт биржалардың қауіпсіздігіне кепілдік жоқ деген ойды алға шығарды. АҚШ-тың Федералдық тергеу бюросы бұл шабуылға да Солтүстік Корея билігімен байланысы бар деген хакерлердің қатысы болғанын мәлімдеген болатын. Ол шақта бұл оқиға криптовалюта индустриясы тарихындағы ең ірі ұрлық ретінде бағаланған-ды. Мінекей, араға екі жыл салып дәл сондай жағдай Binance-тың басына түсіп отыр. Бір қызығы, Федералдық тергеу бюросы екі жағдайда да бір хакерлік топты күдікке алып отыр әрі ол топты Солтүстік Кореямен байланысы бар деп есептейді.

Биржалардың басындағы бұл жағдайлар біздің нарыққа кесірін тигізбей қоймаған сияқты. Алдымен мына мәселеге назар аударайық. Елімізде Президент тапсырмасымен Ұлттық крипторезерв құрылып жатқаны белгілі. Ол шаруамен негізінен Ұлттық банк айналысып жатыр. Жоспарға сай, жаңа қор Ұлттық инвестициялық корпорация мен Орталық депозитарий базасында құрылады. Ұлттық резервті толтыру жолдары да белгілі, майнерлермен келісімге келу арқылы өндірген активтерінің бір бөлігін осында салып отырмақ. Сотталған азаматтардың криптомүліктерін де осында алдыру ойларында бар. Бірақ осыған дейін Қаржылық мониторинг агенттігінің қолында болып келген криптоәмияннның тағдыры не болатыны белгісіз. Агенттік бірнеше жылдан бері заңсыз нарықтан тәркіленген цифрлық активтерді Binance жаһандық биржасының дербес әмиянында сақтап келеді. Анығында, әлемдік компания өз алдына жекеменшік коммерциялық ұйым болғандықтан, алдымен ашық байқау, Агенттікпен арадағы келісім шарттары түгел жариялы жүруге тиіс еді. Меморган оны өз бетінше шешкен екен, хош. Бірақ қандай шарттармен сақталып отыр?

Бұлай дейтініміз, бір жағынан мұндай активтердің құны өте құбылмалы әрі псевдоанонимді криптовалюталар кездеседі. Жасалған транзакцияны кері қайтару мүмкін емес. Сондықтан техникалық қателік немесе жемқорлық орны толмас шығынға әкелуі мүмкін. Сала мамандары мысал ретінде АҚШ тәжірибесін келтіреді. Онда тәркіленген криптоактивтердің қозғалысын кез келген адам блокчейн арқылы бақылап отыра алады. Ол үшін ресми әмияннның мекенжайын білсе жеткілікті. Транзакцияның уақыты, құны мен қайда аударылғаны ашық көрсетіледі. Осындай жағдаймен отырғанда Binance биржасының хакерлік шабуылға ұшырауы күмән-күдікті одан әрі үдетіп жіберді. Мемлекет мүлкі сақталып отырған жер қылмыстық топтардың шабуылына осал болса, мұны қалай түсінуге болады?

Хакерлік шабуылдан кейін платформа қолданушылары аз-кем дүдамал күйге түсті. Саудасын уақытылы жасай алмай, ақшасын шығара алмай қалғандар жағдайдың толық қалпына келуін сарылып күтті де қалды. Қалыпқа келуі дегеннің өзі қателіктің түзелгені емес, биржаның миллиардтаған шығынды өз есебінен жапқанын ұмытпайық.

Екінші жағынан, сала сарапшысы Дәурен Қарашевтің айтуынша, мемлекеттік бюджет кірісін толықтыру және шұғыл қажеттіліктерді қаржыландыру мақсатында тәркіленген цифрлық активтерді жедел сатуға қатысты өтетін кеңес отырысы аяқасты өтпей қалған. Себебі қарапайым секілді, мемлекет тәркілеген цифрлық активтердің бір бөлігі сақталған Binance биржасы хакерлік шабуылға байланысты қаражат шығару операцияларын уақытша тоқтатып қойды. Соның салдарынан мемлекет өз меншігіндегі активтерге дәл қажет кезінде иелік етіп, оларды еркін пайдалану мүмкіндігінен айырылып отырған болуы мүмкін. Сайып келгенде, мемлекет стратегиялық маңызы бар шешім қабылдағанымен, оның орындалуы шетелдік коммерциялық криптобиржаның мүмкіндігіне тәуелді болып шығады. Мұндай жағдайда мемлекет өзіне тиесілі мүлікті пайдалану үшін өзге елде тіркелген жеке компанияның бір функциясын қайта іске қосуын күтуге мәжбүр.

Қазақстан нарығында көп жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан криптонарықтағы коммерциялық нысандардың ішінде тап сол Binance пен Bybit-ке қатысты түйіні шешілмеген түйткілдер көп екені белгілі. Жаһандық сауда алаңдарының ел аумағында лицензиясыз жұмыс істеуі салдарынан тәуелсіз сарапшылар мен ресми органдар ұстанымы бір арнаға тоғыспай-ақ қойды. Егер пікір қайшылығы деңгейіндегі мәселе болса, бұл жағдайға қалыпты қарауға да болатын шығар. Алайда өзі елде, әмияны шетелде болып шығатын заңсыз сауда жасаушылар құзырлы органдарды қанша уақыттан бері әуреге салып келеді. Бұл жағдайда да құқық қорғау органдары бүкіл мәліметті алдыру үшін әлемдік компанияның жылы көзқарасына арқа сүйеп келеді. Әйтпесе лицензия жоқ жерде міндеттеменің де болмайтыны белгілі. Соның ақыры, аталған агенттіктің өз әмиянына қол жеткізе алмай қалуы да осы олқылықтың салдары болса керек.

ДАМУ

12 ҚАРАША 2026 | БЕЙСЕНБІ



# ЗАЙСАНДА ЖОЛ ЖАҢАРЫП, ҚОНЫС КЕҢЕЙДІ

Зайсанда биыл тоғыз айдың көлемінде жаңа халықаралық әуежайдың ұшу-қону жолағы мен перронындағы негізгі жұмыстар аяқталды. Ауылдар арасындағы жолдар жөнделіп, Үлкен Қараталда жаңа мектеп салынып бітті. Қараталдағы дәрігерлік амбулатория медициналық құрал-жабдықтармен қамтылды. «Үйдене» су қоймасынан шаруалардың егістігіне су жеткізіліп отыр, ал алдағы жұмыс суару арналарын салуға бағытталған. 2026 жылдың тоғыз айында ауданда кәсіпкерлікті қолдау, тұрғын үй салу, мәдениет пен спорт нысандарын жаңарту және ауылдарды абаттандыру жұмыстары да жалғасын тауып отыр. Бұл маңызды жұмыстардың барысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағановтың бақылауында.

Кәмила ДҮЙСЕН



**Зайсанда төрт мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Олардың аудан экономикасындағы үлесі – 63,8%. Ауыл шаруашылығы мен саудада, көлік пен қызмет көрсету салаларында кәсіпті дамытуға мүмкіндік бар.**

Зайсаннан Өскеменге, Алматыға және Астанаға ұшу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Жаңа халықаралық әуежайдың ықтимал бағыттары қатарында Қытайдың Үрімші, Алтай және Қанас қалалары да бар. Әуе қатынасы жолға қойылса, ауданға келу жеңілдеп, туризмді дамытуға, кәсіпкерлікті кеңейтуге және инвестиция тартуға мүмкіндік туады. Ауданда ішкі және келу туризмін дамыту үшін туристік инфрақұрылымды жақсарту, қызмет сапасын арттыру және «жасыл» туризм брендін қалыптастыру көзделген. Жергілікті тұрғындарды туристік кәсіпке тарту да осы жұмыстың бір бағыты.

## ӘУЕМЕН ҰШАР КҮН ЖАҚЫН

Әуежай құрылысының дайындық деңгейі 98%-ға жетті. Ұзындығы 2 200 метр болатын ұшу-қону жолағы, перрон және ұшақтардың жер үстімен жүретін жолы бойынша негізгі жұмыстар аяқталды. Аэродромның айналасындағы және оған кіретін жолдарда да негізгі жұмыс біткен. DVOR радиомаягын, жарық-сигнал жабдықтарын орнату, су бұру жүйесін, байланыс пен электр желілерін тарту жұмыстарының негізгі бөлігі орындалды.

Әуежай Bombardier Q400 және ATR-72 үлгісіндегі ұшақтарды қабылдауға лайықталған. Перрон төрт әуе кемесіне, ал терминал сағатына 150 жолаушыға дейін қызмет көрсетуге есептелген. Қазір терминалдағы, инженерлік және авариялық-құтқару нысандарындағы жұмыстар аяқталуға жақын. Жекелеген жабдықтар орнатылып, аумақ абаттандырылып жатыр. Құрылысты 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Әуежай іске қосылғанда 126 штаттық орын қарастырылған. Қызметкерлердің басым бөлігін қолданыстағы Зайсан әуежайының мамандарынан жасақтау көзделіп отыр. Мамандарды даярлау мен тағылымдамадан өткізу жайы да пысықталған.

Әуе жолы алыс қалалармен байланысты кеңейтсе, ауыл жұртының күнделікті қатынасы автожолға тәуелді. Зайсан аумағынан өтетін 460 шақырым жолдың 168 шақырымы республикалық, 81 шақырымы облыстық, 211 шақырымы аудандық маңызға ие. Биыл «Зайсан – Жаңатұрмыс – Шүршітсу» және «Біржан – Ақарал» бағыттарындағы жолдарды орташа жөндеу аяқталды. Зайсан мен Жаңатұрмыс арасындағы жолдың қалған 4 шақырымы да биылғы жөндеу жұмыстарына кірді. Қаратал мен Шүршітсу ауылдарының көшелерін жөндеу жоспарланған. Бұл жолдармен ауыл тұрғындары аудан орталығына қатынайды, шаруалар өнімін тасиды.

## «ҮЙДЕНЕНІҢ» СУЫ ҚАНША АЛҚАПҚА ЖЕТЕДІ?

Зайсанда биыл 411 шаруа қожалығы мен ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші 16 170 гектар жерге дақыл еккен. «Үйдене» су қоймасынан 155 шаруашылықтың 8 608 гектар суармалы алқабына су жетіп отыр. Ендігі жұмыс – суды егістікке жеткізетін арналарды салу және қолданыстағы каналдардың жағдайын жақсарту.

Жалпы ұзындығы 113 шақырым болатын төрт негізгі су жеткізу арнасын салу көзделген. Сонымен бірге 10 151 гектар жерді суаруға мүмкіндік беретін 30 шаруашылықішілік каналдың жұмысын қамтамасыз ету қарастырылып отыр. Негізгі арналар суды жеткізсе, шаруашылық ішіндегі каналдар оны алқапқа таратады. Ал үш шаруашылық суды егістік басында үнемдеу үшін тамшылатып суаруды енгізген.

Суармалы жерлерді сумен толық қамту үшін каналдардың техникалық жағдайын жақсарту қажет. Мал шаруашылығында мал азығы қорын қалыптастырумен бірге, мал басының барлық түрі бойынша өсімді қамтамасыз ету және мал өнімділігін арттыру міндеті тұр.

Әлеуметтік қызметтер порталы, мектептердің оқу жылына дайындығы және мал азығы туралы бұрынғы сөйлемдер жаңа абзацтармен қайталанса, сол жерлерін біріктіріп жібер.

Мал шаруашылығында да өнім көлемі артқан. Тоғыз айда аудан шаруашылықтары тірідей салмағы 5 204,9 тонна болатын мал мен құсты союға өткізді. Бұл – былтырғы сәйкес кезеңнің 102,8%-ы. Сүт өндірісі 7 450,3 тоннаны, жұмыртқа өндірісі 838,4 мың дананы құрады. Екі көрсеткіш те былтырғы сәйкес кезеңнің 104,4%-ына жеткен. Ірі қара саны 1,3%-ға, жылқы саны 2,4%-ға өсті. Алда мал азығы қорын қалыптастыру және мал өнімділігін арттыру міндеті тұр.

Биыл бес ауылда ветеринариялық пункт салынды. Келесі жылы тағы бес пункт салу жоспарланған. Айнабұлақ, Біржан, Дайыр, Кеңсай, Сарытерек және Шіліктіде ветеринариялық пункттердің құрылысын бастау биылғы жұмысқа енді. Шілікті, Кеңсай және Сарытеректе мал қорымдарын салу да қолға алынбақ.

Ауылда кәсіп ашуға немесе бар шаруасын кеңейтуге ниетті тұрғындарға «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 225 млн теңге несие берілді. Қаражат толық игерілді. Бағдарлама ауылдағы кәсіпті қолдауға, жұмыс орындарын ашуға және тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған.

## КӘСІПТІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Зайсанда төрт мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Олардың аудан экономикасындағы үлесі – 63,8%. Ауыл шаруашылығы мен саудада, көлік пен қызмет көрсету салаларында кәсіпті дамытуға мүмкіндік бар. Биылғы бірінші жартыжылдықта бөлшек сауда айналымы 14,8 млрд теңгеге жетіп, өсу қарқыны 118,9% болды. Көтерме сауда айналымы 7,2 млрд теңгені, оның өсу қарқыны 784,7%-ды құрады. Бюджетке 2,1 млрд теңге салық түсті.

Зайсаннан ұсынылған жалпы құны 11,8 млрд теңге болатын жобалар Шығыс Қазақстан облысының инвестициялық портфеліне енді. Оның екеуі жалпыұлттық, жетеуі өңірлік инвестициялық пұлға кірді. Жобалар аясында жүзден астам жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

Жалпы инвестиция көлемі 5 млрд теңгені құрады. Өсу қарқыны 121,7%-ға, нақты көлем индексі 110,8%-ға жетті. Жеке инвестиция көлемі 41,4 млрд теңге болды. Оның өсу қарқыны – 127,0%, нақты көлем индексі – 115,6%.

Тоғыз айда 70 адам тұрақты жұмысқа орналасты, тағы 231 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша төрт жас маманға ауылдан баспана сатып алуға қолдау көрсетілді. Тұрақты жұмыс орындарын ашу мен ауылға қажет мамандарды орналастыру осы саладағы негізгі міндеттердің қатарында.

Қаңтар мен қыркүйек аралығында аудан кәсіпорындары қолданыстағы бағамен 8 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімін шығарды. Өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі екі түрлі берілген – 126,5% және 155,5%. Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индексі 67,7% болды. Тау-кен саласында 3,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, көрсеткіш 110% деңгейінде қалыптасты. Табиғи газ өндірудің заттай көлем индексі 154,7%-ға жетті.

Зайсанда мұнай мен басқа да пайдалы қазбаларды өндіретін, құрылыс саласымен байланысты кәсіпорындар жұмыс істейді. Өнеркәсіптің өсуіне тау-кен саласы мен газ өндіру елеулі үлес қосты. Алдағы міндет – өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемін ұлғайту, жергілікті кәсіпорындардың мүмкіндігін кеңейту және аудан экономикасын әртараптандыру.

## АУЫЛҒА АЖАР БЕРГЕН ЖАҢА НЫСАНДАР

Үлкен Қаратал мен Сарыжырада жаңа мектептер салынып бітті. Сарыжырадағы мектеп 50 орынға есептелген. Ауданның 28 мектебінде шамамен жеті мың оқушы білім алады. Биылғы жұмыстардың қатарында Қаратал және Мәметова мектептерін ағымдағы жөндеу, Зайсан технологиялық колледжінің шатыры мен шеберхана қоймаларын жөндеу бар. Мектептерді жаңа оқу жылына дайындау, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқу кабинеттері мен асханалардың санитариялық жағдайын жақсарту да назарда.

Ауыл мектептеріндегі инфрақұрылым мәселелерін шешу де күн тәртібінде. Күрделі және ағымдағы жөндеуді уақытында жүргізу, мектептерді жаңа оқу жылына дайындау, оқу кабинеттері мен асханалардың санитариялық жағдайын жақсарту – осы жұмыстың бір бөлігі. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де көңіл бөлінеді.

Биыл ауылдарда 96 үйдің, Зайсан қаласында әрқайсысы 30 пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы бойынша ауылдарда 48 тұрғын үй, Зайсан қаласында екі көпқабатты тұрғын үй салынып, пайдалануға беріледі. Ауылдардан 50 тұрғын үй, Зайсан қаласынан екі 30 пәтерлі жалдамалы тұрғын үй сатып алу да биылғы жұмыстардың қатарында. Жыл басынан бері 6 795 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Тоғыз айда ауданда 35,4 млрд теңгенің құрылыс жұмысы атқарылды. Өсу қарқыны 189,4%-ға, нақты көлем индексі 176,5%-ға жетті. Биыл іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар мен жөндеу жұмыстарының жалпы құны – 70 млрд теңге. Оған әуежай, мектеп, дәрігерлік амбулатория мен спорт нысандарына қатысты жобалар, жол жөндеу, көшелерді жарықтандыру және тұрғын үй сатып алу кіреді.

Қараталдағы жаңа дәрігерлік амбулатория салынып бітті. Медициналық құрал-жабдықтары қойылған амбулаторияны 2026 жылдың қарашасында іске қосу жоспарланып отыр. Тоғыз округтің ауылдарында тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған жаңа медициналық пункттер ашылды. Аудан тұрғындарына медициналық көмекті аудандық аурухана, тоғыз дәрігерлік амбулатория, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер көрсетеді. Жеке медициналық орталықтар да жұмыс істейді.



Аудандық аурухананың жансақтау бөлімшесін, Жалши мен Бақасудағы медициналық пункттерді күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Ауруханадағы оттегі өндіру станциясы жаңғыртылды. Бұл шұғыл көмек көрсету кезінде медициналық оттегінің үздіксіз берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан облысының ауруханалары арасында Зайсан аудандық ауруханасы видеокапсулалық эндоскопияны алғаш қолдана бастады. Бұл әдіспен асқазан-ішек жолдарын, соның ішінде әдеттегі эндоскопиямен толық тексеру қиын аш ішекті зерттеуге болады.

Ауыл медицинасының алдағы міндетінің бірі – медициналық пункттердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамту, жабдықтарды жарамды күйде ұстау және медицина мамандарының әлеуетін нығайту да осы жұмыстың қатарында. Аудандық ауруханада бөлімшелерді жаңғыртуға басымдық беріліп отыр.

## ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АРНАЛҒАН ІСТЕР

Зайсанда болашақ оңалту орталығына жер бөлінді. Орталық мүгедектігі бар адамдарға, соның ішінде аутизмі бар және психикалық дамуы тежелген балаларға арналады. Қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Сараптама оң қорытынды берсе, жобаны іске асыруға бюджеттен қаражат бөлу жөнінде өтінім беріледі.

2026 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ауданда мүгедектігі бар 1 372 адам тұрады. I топта 152, II топта 722, III топта 498 адам бар. Ауданда мүгедектігі бар 163 бала тұрады. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді жеке оңалту бағдарламасына сай «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы алуға болады.

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының мамандары 116 адамға үйінде көмек көрсетеді. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті 68 баламен жұмыс істесе, лицензиясы бар жеке ұйымдар 95 адамға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Аумақтық орталыққа көмекке мұқтаж тұрғындарға арналған Jac Sunray арнайы автокөлігі берілді.

Сарытеректегі мәдениет үйін жабдықтауға «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы 185 млн теңге қарастырылды. Мәдениет үйіне LED-экрандар, бейне және дыбыс жабдықтарын орнатып, оқу кабинеттерін қажетті техникамен қамту көзделген. Ауыл тұрғындарына арналған мәдени шаралар үшін ашық аспан астындағы сахна, алтыбақан және киіз үй де қарастырылған. Ал Зайсан аудандық мәдениет үйіне жаңа шағын автобус берілді. Онымен аудан өнерпаздары аудандық, облыстық және республикалық байқаулар мен мәдени шараларға қатынай алады.

Ауданда 105 спорт нысаны мен 11 мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Зайсан қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, ал Сарытеректе спорт модулінің құрылысы басталды. Бұл нысандар балалар мен жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасап, ауданда бұқаралық спортты дамытуға арналған.

## КӨШЕНІҢ КӨРКІ – ТАЗАЛЫҚ

Биыл Қаратал, Кеңсай және Шүршітсуда көшелердің жол желілерін жөндеу, Біржан, Дайыр мен Қарабұлақта көшелерді жарықтандыру қолға алынған жұмыстардың қатарында. Айнабұлақ, Көгедай, Шілікті ауылдары мен Зайсан қаласындағы балалар ойын алаңдарын жөндеу де қарастырылған.

«Таза Қазақстан» сенбіліктерінде 480 гектар аумақ тазартылып, 69 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Шамамен екі мың алма көшеті отырғызылды. Ауданды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары аясында барлығы 15 мың түп түрлі ағаш егілді.

Бес ауылдық округте өрт сөндіру пункттері ашылды. Біржан мен Сарытеректе пункттер жұмысын бастады, Шіліктіде құрылыс қолға алынды. Ауылдағы өрт сөндіру пункттері өртке жедел әрекет етіп, оның таралуына жол бермеуге, тұрғындардың өмірі мен мүлкін қорғауға арналған. Зайсан қаласында учаскелік полиция пунктін ашу да биылғы жұмыстарға кірді.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін Зайсан аудандық полиция бөлімі мен прокуратура QR-байланыс жүйесін енгізді. Ол арқылы тұрғындар аты-жөнін көрсетпей көмекке жүгіне алады. QR-кодтар қоғамдық көліктерге, дәріханаларға, дүкендерге және әлеуметтік нысандарға орналастырылды. Тұрғындарға жүйені қалай пайдалану керегі түсіндірілді.

Біржан ауылдық округіне қарасты Қуаныш ауылының тұрғындары «Ішімдіксіз, құқықтық тәртіп орнаған ауыл» бастамасын қолдады. Қуаныш – ауданда осы бастамаға қосылған үшінші ауыл. Тұрғындардың шешімі салауатты өмір салтын ұстануға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Аудан әкімдігі құқық қорғау органдарымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Зайсанның алдағы дамуында ауылдың да, аудан орталығының да өз орны бар. Ауылдағы шаруаның өрісін кеңейту, жергілікті кәсіпке жағдай жасау және тұрғынға қажет қызметті жақындату – өзара сабақтас міндеттер. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасады. Өйткені ауданның дамуы әр елді мекендегі күнделікті тіршіліктен, тұрғынның өз ауылында еңбек етіп, кәсібін жүргізуіне жасалған жағдайдан көрінеді.





# ҰЛЫТАУДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСІ

**Ұлытау облысында заманауи спорт кешендері салынып, саланың дамуы жаңа кезеңге қадам басты. Өңірде спорт инфрақұрылымын кеңейту, балалар мен жасөспірімдердің спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасау, бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттыру және кәсіби спорттың әлеуетін көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл бастамалар спорт нысандарының санын көбейтумен ғана шектелмей, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға және жаңа чемпиондар тәрбиелеуге бағытталған.**

Спорт саласының дамуы жалпы алғанда, жаңа кешендермен немесе бөлінген қаржымен өлшенбейді. Оның басты көрсеткіші облыста қанша адам спортпен айналысады, әсіресе балалардың тұрақты жаттығуға мүмкіндігі бар ма, спортшылардың жетістігі мен заманауи инфрақұрылымның халыққа қолжетімділігімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ұлытау облысында бұқаралық спорт әлеуетін арттыру және спорт инфрақұрылымын дамыту жұмыстарының ауқымы кеңейіп келеді.

## БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – ДЕНІ САУ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

2026 жылы аймақтың денешынықтыру және спорт саласын дамытуға жергілікті бюджеттен 6 млрд 356 млн 256 мың теңге қарастырылған. Қаражаттың басым бөлігі спорт ұйымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге, спортшыларды даярлауға және оқу-жаттығу үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, 12 ведомстволық спорт ұйымын ұстауға 3 млрд 355 млн 125 мың теңге бөлінген. Ал облыстың құрама командаларының республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуына 320 млн теңге қарастырылған. Бұл қаражат спортшылардың жаттығу жиындарын өткізуіне, жарыстарға қатысуына және тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар өңірдің спорт саласын қаржыландыру саясаты бұқаралық және кәсіби спортты қатар дамытуға бағытталып отыр.

Бүгінде облыста 38 спорт түрі бойынша 8 мыңнан астам спортшы тегін жаттығады. Оларға 263 жаттықтырушы-оқытушы тәлім береді. Өңірде балалар мен жасөспірімдерге арналған 10 спорт мектебі жұмыс істейді. Бұл – спортқа қызығатын жас буын үшін бастапқы дайындықтан кәсіби деңгейге дейін көтерілуге мүмкіндік беретін маңызды жүйе. Мәселен, «Намыс» спорт мектебінде 14 жаттықтырушының жетекшілігімен 350-400 бала жаттығады. Спорт нысанында мамандандырылған күрес және жаттығу залдары, 150 көрерменге арналған мінбері, әмбебап ойын залы, би залдары, 150 орындық жайлы, заманауи жатақхана және асханасы бар. Балаларға жататын орын, тамақтану және спорттық киім-кешек тегін беріледі. Өңірде СК-NAMYS академиясының іске қосылуы болашағынан үміт күттіретін спортшыларды анықтап қана қоймай, Жезқазғанда ұлттық және халықаралық деңгейдегі жарыс өткізуге мүмкіндік береді. Бұл кешен балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауға және өндірістік аймақтарда заманауи инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ауқымды әлеуметтік нысан. Сондай-ақ «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қолдауымен «Жігер» денешынықтыру-сауықтыру кешені, Жезді кентінде және Жаңаарқа ауданында денешынықтыру-сауықтыру кешендері, Қаражал қаласында жабық жүзу бассейні ашылды. Ал Жәйрам кентіндегі М. Дәрібеков атындағы спорт кешенінде 444 бала спорттың әр түрімен айналысады. Ал Жезқазған қаласындағы Спортты дамыту орталығында 15 жаттықтырушы 672 спортшыны даярлап келеді. Бұл көрсеткіштер өңірде балалар спортына деген сұраныстың бар екенін және оны дамытуға қажетті ұйымдастырушылық негіз қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

Сонымен қатар бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында облыс бойынша 980-ге жуық ваучер беріліп, спорттың 15 түрінен секциялар жұмыс істейді.



Мұндай тетік ата-аналардың қаржылық жүктемесін азайтып қана қоймай, балалардың өз қызығушылығы мен қабілетіне қарай спорт түрін таңдауына мүмкіндік береді.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРСА, СПОРТТЫҢ ДА ТЫНЫСЫ АШЫЛАДЫ

Қазір өңірде 236 спорт нысаны жұмыс істейді. Оның 227-сі мемлекеттік, 9-ы жеке меншік нысан. 2026 жылы халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі 78 пайызды құрап отыр. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 80 пайызға жеткізу жоспарланған.

Ресми ақпарат көздерінің мәліметінше, Ұлытау облысы 2022 жылы дербес өңір ретінде құрылғаннан бері 52 спорт нысаны пайдалануға берілген. Олардың қатарында Жезқазған қаласындағы «Жігер» денешынықтыру-сауықтыру кешені, шахмат академиясы, Қаражал қаласындағы жабық бассейн және ауылдық елді мекендерде ашылған спорт кешендері бар. Бұл нысандардың іске қосылуы өңір тұрғындарының спортпен айналысу мүмкіндігін кеңейтіп, әсіресе балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға жол ашты.

Дегенмен спорт инфрақұрылымын дамытуда қала мен ауыл арасындағы қолжетімділік айырмашылығын азайту мәселесі де маңызды. Өйткені спорттық мүмкіндіктер тек облыс орталығында шоғырланбай, шалғай елді мекендерге де жетуге тиіс. Осы мақсатта Жезқазғанда ескек есу спортына арналған кешен, Ұлытау ауылында жабық жүзу бассейні, Қаражалда жабық хоккей корты сияқты жобаларды дамыту көзделіп отыр. Бұл бастамалардың маңызы нысандар санын арттырумен ғана шектелмейді. Мәселен, жабық бассейннің салынуы балаларды жүзуге үйретуге, ал хоккей кортының ашылуы қысқы спорт түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Яғни әрбір жаңа нысан өңірде спорттың белгілі бір бағытының қалыптасуына және жаңа спорттық резервтің өсуіне негіз бола алады.

## ЖЕҢІСТЕР – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Бұқаралық спорттың дамуы кәсіби спорттың да өркендеуіне жол ашады. Себебі болашақ чемпиондар ең алдымен балалар мен жасөспірімдер арасындағы спорт мектептерінде қалыптасады. Сондықтан спорт саласындағы негізгі міндеттердің бірі – көпшілікті спортқа тартумен қатар дарынды жастарды іріктеп, олардың кәсіби шеберлігін шыңдау.

Аймақта бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді. Өңірде кәсіби футбол клубы – «Ұлытау» және кәсіби волейбол клубы жұмыс істейді. Олардың жарыстарға қатысуы жергілікті спорттың танымалдығын арттырып қана қоймай, жас спортшыларға кәсіби деңгейге көтерілудің нақты үлгісін көрсетеді.

2026 жылдың алғашқы алты айында облыста 200-ден астам спорттық іс-шара ұйымдастырылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 50 іс-шараға көп. Ал өңір спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда 900-ден астам медаль жеңіп алған. Оның ішінде 385 алтын, 263 күміс және 331 қола жүлде бар.

Халықаралық додаларда да Ұлытау спортшыларының жетістігі аз емес. Азия чемпионаттарында 11 алтын, 12 күміс медаль иеленсе, әлем чемпионатында бір күміс жүлдеге қол жеткізген. Ауыр атлетикадан облыс спортшысы Берікбол Нұрсыйла 2025 жылғы жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарының қола жүлдегері атанған.

Бұл жетістіктер өңірде спортшыларды даярлау жұмыстарының нәтижелі екенін көрсетеді. Дегенмен жекелеген спортшылардың жеңісімен шектелмей, спорттың әр түрінен тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсететін жүйе қалыптастыру маңызды. Ол үшін спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, білікті жаттықтырушыларды қолдау, спорттық медицинаны дамыту және жас таланттардың кәсіби өсуіне мүмкіндік беру қажет.

## ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК – СПОРТТЫ ДАМЫТУДЫҢ ҚОСЫМША МҮМКІНДІГІ

Өңірдегі спорт инфрақұрылымын дамытуда мемлекет пен бизнестің әріптестігі де маңызды рөл атқарады. Осы бағытта Ұлытау облысының әкімдігі мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бірлескен меморандум аясында жұмыс жүргізуде. Бұл ынтымақтастық өңірдің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, тұрғындар үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2026-2027 жылдары өңірде 25-тен астам ірі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысанының құрылысын бастау жоспарланған. Соның ішінде Жезқазған қаласында 6 мың көрерменге арналған жабық футбол стадионы мен заманауи теннис орталығын салу көзделіп отыр. Әсіресе жабық футбол стадионының құрылысы өңірдегі спорттың дамуына жаңа серпін беруі мүмкін. Мұндай нысан кәсіби командалардың ғана емес, балалар мен жасөспірімдер футболының да дамуына ықпал етеді. Ал теннис орталығы спорттың осы түріне қызығушылық танытатын тұрғындардың қатарын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, «Қазақмыс» компаниясының қатысуымен Жезқазғанда мешіт пен конгресс-орталық салу, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, мәдениет нысандарын жөндеу, Кеңгір су қоймасының жағалауын көркейту секілді жобалар жүзеге асырылмақ. Мұның барлығы өңір-



дің әлеуметтік ортасын жақсартуға бағытталған кешенді бастамалардың бір бөлігі.

## СПОРТ МӘДЕНИЕТІ – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ


Жалпы, Ұлытау облысында спорт саласын дамыту бірнеше бағытта қатар өрістеп келеді. Біріншіден, спорттық инфрақұрылым кеңейіп, тұрғындардың жаттығу мүмкіндігі артуда. Екіншіден, балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту тетіктері жетілдіріліп, тегін секциялар мен ваучерлік қаржыландыру жүйесі жұмыс істеп тұр. Үшіншіден, кәсіби спортқа қолдау көрсетіліп, өңір спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Алайда алдағы кезеңде сандық көрсеткіштерді сапалық нәтижеге айналдыру маңызды. Жаңа спорт кешендері толық қуатында жұмыс істеп, білікті мамандармен қамтылуы, ауыл балаларының да спорттық дайындыққа тең қол жеткізуі қажет. Сонымен қатар бұқаралық спортпен жүйелі айналысатын тұрғындардың үлесін арттыру, балалар арасынан дарынды спортшыларды ерте анықтау және олардың кәсіби өсуіне жағдай жасау басты міндет саналады. Ал өңірде спорт саласын дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан бастамалар Ұлытау облысын болашақта спорттық инфрақұрылымы дамыған, бұқаралық спорт мәдениеті қалыптасқан және кәсіби жетістіктерімен танылған аймақ атануына негіз қалайды.

**Тілек ҚАБЫЛ**

# ЕЛОРДАДАҒЫ ҚЫСҚЫ ҒАЖАЙЫПТАР

**Қыс мезгілінде Астанада тұрғындардың белсенді демалуына мүмкіндік артады. Қала аудандарында мұз айдындары ашылып, сырғанақтар мен түрлі қысқы ойын-сауық орны жұмыс істейді. Қыс мезгілінде Астана тұрғындары мен қонақтары үшін белсенді демалатын орындар көбейеді. Елорда аудандарында мұз айдындары ашылып, сырғанақтар мен түрлі қысқы ойын-сауық алаңы көптің көзайымына айналады.**




Қыста серуендеп, демалуға болатын орындардың бірі – Есіл өзенінің жағалауы. Сондай-ақ Сарыарқа ауданында, соның ішінде Оқушылар сарайының маңында мұз айдындары ашылады. Бұдан бөлек, ауданда 13 мұз сырғанағы салынады. Қысқы демалыс орындары «Көктал» саябағында, «Оқжетпес» гүлзарында және басқа да қоғамдық орындарда ұйымдастырылады.

Елордадағы ең ерекше қысқы орындардың бірі – Есіл ауданында, Abu Dhabi Plaza кешенінің маңында ашылатын Astana Winter Park. Бұл – ұзындығы 1,4 шақырым болатын ауқымды мұз айдыны.

Мұз жабынының жалпы ауданы шамамен 6 мың шаршы метрді құрайды. Әдеттегі мұз айдындарынан ерекшелігі – мұнда шеңбер бойымен сырғанап қана қоймай, ұзын мұз жолымен серуендеуге болады.

Келушілерге қолайлы жағдай жасау үшін жылы павильондар, коньки жалға беру орындары, отбасылық демалыс аймақтары мен сәндік жарықтандыру қарастырылған. Мұзды арнайы жүйе арқылы салқындатып отырудың арқасында күн жылы кезде де мұз айдыны жұмыс істей алады.

Сарайшық ауданындағы қысқы демалыс орындарының бірі – «Қазақ елі» алаңы. Мұнда мұз айдынын ашу жоспарланып отыр. Тағы екі мұз айдыны Жүргенов көшесінде және Президенттік саябақта ашылмақ.

Елордадағы тағы бір қызықты қысқы демалыс орны – Алматы ауданындағы Triathlon Ice Park. Триатлон саябағында ауданы 1 200 шаршы метр болатын заманауи мұз айдыны салынып жатыр. Мұнда Астана тұрғындары мен қонақтары күн салыстырмалы түрде жылы болған кезде де белсенді демалуға мүмкіндік бар.

Арнайы тоңазытқыш жабдықтары мен мұзды сақтау технологиясының көмегімен алаң ауа температурасы сәл жылынған кезде де жұмысын жалғастыра алады. Келушілерге коньки жалға беру қызметі, жылынып демалатын орын, ыстық сусындар мен тамақтану орындары қарастырылған. Ал сәндік жарықтар мұз айдынына ерекше көрік беріп, кешкі серуен мен отбасылық демалысқа қолайлы жағдай жасайды.

Алматы ауданында да қысқы демалыс орындары ашылады. Атап айтқанда, «Құмыра» аумағында, «Жеруйық» және «Жастар» саябақтарында арнайы алаңдар ашу жоспарланған.

Байқоңыр ауданында «Ататүрік» саябағы мен «Жастар» сарайының маңында мұз айдындары әзірленіп жатыр. Сонымен қатар Өндіріс, Кірпішті, Қазқалашық тұрғын алаптарында және Қоянды саяжай алабында да сырғанақтар орнатылады. Барлығы тоғыз орын қамтылмақ.

Қысқы демалысқа арналған тағы бір орын Нұра ауданында ашылмақ. Мұз айдынын «Астана Арена» стадионының маңында жабдықтау көзделген.

Қазір елордадағы қоғамдық кеңістіктерді қысқы маусымға дайындау жұмысы жүріп жатыр. Аталған мұз айдындары мен сырғанақтар – биыл Астана тұрғындары мен қонақтары үшін ашылатын қысқы демалыс орындарының бір бөлігі ғана. Қазір қаланың өзге аудандарында да осындай алаңдарды дайындау жұмысы жүргізілуде.

Табиғи мұз құю жұмысы күн салқындағаннан кейін басталады. Қосымша демалыс орындары мен олардың қашан ашылатыны туралы ақпарат дайындық жұмысы аяқталған сайын жарияланып отырады.

Осылайша, биыл қысқы демалыс тек қаланың орталық бөлігінде емес, тұрғын алаптарда да ұйымдастырылады. Бұл тұрғындарға алысқа бармай-ақ үйінің маңында таза ауада серуендеп, белсенді демалуға мүмкіндік береді.

**Айна ХАСАН**

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4810
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айсұлу СЪЕЗХАН